

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER
TRAINING UNIVERSITY**

№3 (51) 2014

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№3 (51)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

Бас редактор

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

Бас редактордың орынбасары

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п.ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – п.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азияттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Редакциялық кеңес

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а.
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-п.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шеръязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– п.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент
Жауапты редактор-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
Редакторлар Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.
Корректор Маханбетова С.Е. – магистр

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-TABLE OF CONTENTS

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

<i>Есқалиева Г.К., Матаев М.М., Мырзахметова Н.О.</i> КҮРДЕЛІ ВИСМУТИТТЕРДІҢ ИОНДАРЫНЫҢ, АТОМДАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫН СИПАТТАУ.....	5
<i>Жексембиев Р.К., Оразбаев К.И.</i> ПРОДУКТИВНОСТЬ РАПСА В РАЗЛИЧНЫХ УСЛОВИЯХ КОРМОПРОИЗВОДСТВА КАЗАХСТАНА.....	9
<i>Медеуова Ф.Ж., Садыкова Д.А.</i> РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ӘСЕРІ.....	13
<i>Оспанбаева А.</i> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ («Қазмырыш» ЖШС мысалында).....	17

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА

PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE

<i>Ершина А.Қ., Шақарбекқызы А., Бижанова А.Т.</i> ТІК ҚАЛАҚШАЛЫ ДАРҒЕ ЖЕЛ ТУРБИНАСЫН ЗЕРТТЕУ.....	22
<i>Исахан А.Б., Бекназарова С.С.</i> АРНАЙЫ ФУНКЦИЯНЫ ЗЕРТТЕУ.....	28
<i>Kozhambardieva M.I., Imanbek B.T.</i> AUTOMATION OF HYDROTHERMAL PROCESSING OF PLYWOOD RA.....	32

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

<i>Akimbekova M., Abdikarimova Zh.</i> WAYS OF USING POEMS IN TEACHING ENGLISH.....	34
<i>Байзакова И.М.</i> АМЕРИКАН ЖАЗУШЫСЫ Э.ХЕМИНГУЭЙДІҢ «ҚОШ БОЛ, МАЙДАН!» РОМАНЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ КӨРІНІСТЕРІНІҢ АУДАРМАДАҒЫ СИПАТЫ.....	38
<i>John Pennello.</i> ENGLISH TEACHING METHODOLOGY AND IT'S EVOLUTION.....	42

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW

<i>Abdrakhmanova M.Z.</i> FORMS AND METHODS OF SOCIAL WORK TO SOLVE THE PROBLEMS OF YOUNG FAMILIES.....	47
<i>Заманбеков Ш.З., Нугай Б.Н.</i> ПРОБЛЕМЫ ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ И МОДЕРНИЗАЦИИ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	52
<i>Kaliyeva A., Saurbaeva R.</i> THE KAZAKH DIASPORA: HISTORICAL BACKGROUND.....	58
<i>Қаипбаева А.Т.</i> «МӘДЕНИ МҰРА» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ДАМУЫДАҒЫ РӨЛІ.....	63

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY

<i>Бапаева М.Қ.</i> ОҚЫТУШЫ МЕН СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҚҚА БЕЙІМДЕЛУІ.....	69
<i>Кокумбаева Т.И.</i> ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	74
<i>Уакасова М.Б., Берсугирова Т.Е.</i> КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫЛАРДЫҢ ҚИЯЛ ҮРДІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	78

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА – ART AND CULTURE

<i>Ахметжанова Д.М.</i> МИФОЛОГИЯ КАК ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ СТРУННЫХ МУЗЫКАЛЬНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ.....	83
<i>Кульманова Ш.Б.</i> ВОЗМОЖНОСТИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ В РАМКАХ СПЕЦИАЛЬНОСТИ 5В010600-МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ПО ДОПОЛНИТЕЛЬНЫМ СПЕЦИАЛИЗАЦИЯМ.....	89
<i>Николаева Л.А.</i> ПРОБЛЕМЫ НАСЛЕДОВАНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОПЫТА В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ХОРЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА.....	93

ӘОЖ 539.26+549.76

КҮРДЕЛІ ВИСМУТИТТЕРДІҢ ИОНДАРЫНЫҢ, АТОМДАРЫНЫҢ
АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫН СИПАТТАУ

Есқалиева Г.К., магистрант
Матаев М.М., х.ғ.д., профессор
Мырзахметова Н.О., х.ғ.к., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Бұл мақалада рентгенографиялық анализ арқылы күрделі висмутиттердің иондарының, атомдарының арасындағы балансы анықталып, RMgBiO_4 элементар ұяшықтардың параметрлері, иондар арасындағы байланыс кернеулігі және ұзындығы есептелді. Құрамында сирек жер металдарының оксидтері бар күрделі қосылыстардың сегнето-, пьезоэлектрлік, магниттік, оптикалық, радиолуминисценциялық, жоғарғы температуралы аса өткізгіштік қасиеті және т.б. көптеген қасиеттерін зерттеу нәтижесінде көпфункционалды жүйені құруға, химиялық өндірісті дамытуға көптеген тигізетін септігі сипатталған.

Бірқатар бастапқы компоненттер СЖЭ оксидтерінің жоқтығына байланысты лантаноидтар қатарында бірнеше жетіспеушіліктерді, мәтінде қорытылып шығарылған теңдеуінің толығымен шешілгенін байқауға болады. Осындай теңдеулер жүйесі тәжірбиелік нәтижелер арқылы теориялық негізде изокұрылысты белгісіз құрылымдарды болжауға мүмкіндік берді

Түйін сөздер: күрделі висмутиттер, наноматериал, тор параметрлері, элементар ұяшық, байланыс ұзындығы, байланыс кернеулігі, иондар арасындағы байланыс, иондық радиус.

Микроэлектрониканың және заманауи техниканың қарқынды дамуына байланысты ғалымдардың алдына қойылған мәселелердің бірі полифункционалды қасиеті бар қосылыстарды және материалдарды дамыту. XX ғасырдың аяғында химия және физика салалары бойынша ашылған үлкен жаңалықтардағы көпшіліктің назарын аудартатыны, осындай күрделі оксидті қосылыстардың физикалық, механикалық, химиялық және биологиялық қасиеттері, сонымен қатар әлі де зерттелмеген қасиеттері. Сондықтан бұл материалдардың зерттеу қажеттілігін арттырады. Құрамында сирек жер металдарының оксидтері бар күрделі қосылыстардың сегнето-, пьезоэлектрлік, магниттік, оптикалық, радиолуминисценциялық, жоғарғы температуралы аса өткізгіштік қасиеті және т.б. көптеген қасиеттерін зерттеу нәтижесінде көпфункционалды жүйені құруға, химиялық өндірісті дамытуға көптеген септігін тигізеді.

Әдебиеттердегі мәліметтерге шолу жасағанымызда әлі күнге дейін химия саласында висмуттың аралас күрделі қосылыстары толықтай зерттелмегендігін көрсетті. Осындай бағытта сирек жер сілтілік жер элементтерінің және висмут оксидтерінің қатысуымен түзілген жүйеде қызықты электрофизикалық қасиетті күтуге болады. Бұл мақалада R-Mg-Bi-O және R-Ba-Bi-O (R-SЖЭ) жүйелеріндегі висмут қосылыстары атомдарының арасындағы байланысты сипаттау басты мақсат етіп алынған.

Зерттеуде, RMgBiO_4 және RBaBiO_4 түрдегі висмутты қосылыстарды рентгенографиялық зерттеу және қатты фазалық әдіспен синтездеу арқылы 22 жаңа поликристалдық фазалар алынды. Рентгенофазалық анализ әдісімен 14 қосылыстың құрылыстары зерттеліп, кристалл торларының типтерін, элементар ұяшық параметрлерін, рентгендік және пикнометрлік тығыздықтары анықталды. Барлық алынған висмутиттер изокұрылысты және кубты көлемі центрленген ұяшықта кристалданады. 1-кестеде

көрсетілгендей күрделі висмутиттердің элементар ұяшықтар көрсеткіштері сирек жер металдары қатары бойынша артады, ал тығыздықтары азаяды.

Зерттеудің нәтижесінде алынған заттардың кристалдық құрылысындағы атомдар арасындағы арақашықтық l_{A-O} яғни, А-О, В-О, С-О (А,В,С,О- Mg, Ва, СЖЭ, Вi, және оттегі) атомдар арасындағы байланыс ұзындықтарының айырмашылығы 0,01-0,1А [1]. Бұл дегеніміз, зерттелген қосылыстардың барлығы бір жалпы заңдылық бойынша кристалданады. Экспериментте алынған 14 қосылыстың атомдар арасындағы арақашықтық, анығырақ айтқанда, иондар арасындағы А-О, В-О, С-О (А,В,С,О - Mg, Ва, СЖЭ, Вi, және оттегі) катион мен анион арасындағы байланыс ұзындығын есептеу (1- кесте) құрылысындағы координациялық сандары арқылы жүргізілді.

Кесте 1.

Қосылыс	Сингония	Тор параметрі $a, \text{Å}$	$V_{\text{ұяшық}}$ Å^3		$V_{\text{эл ұяш}}^0$ Å^3	Тығыздығы г/см ³	
						$\rho_{\text{рент.}}$	$\rho_{\text{ликн.}}$
$YBaBiO_4$	куб.	10,49	1154	16	72,1	11,49	11,39
$LaBaBiO_4$	куб.	10,14	1043	16	65,2	13,99	13,86
$CeBaBiO_4$	куб.	10,84	1229	16	76,8	11,90	11,82
$NdBaBiO_4$	куб.	10,67	1215	16	75,9	12,13	12,08
$GdBaBiO_4$	куб.	10,52	1164	16	72,7	12,95	12,87
$TbBaBiO_4$	куб.	10,57	1180	16	73,7	12,80	12,74
$DyBaBiO_4$	куб.	10,50	1158	16	72,4	13,11	13,05
$HoBaBiO_4$	куб.	10,49	1155	16	72,8	13,24	13,17
$TmBaBiO_4$	куб.	10,83	1270	16	79,3	12,11	12,04
$YMgBiO_4$	куб.	10,84	1272	16	79,5	8,06	7,98
$LaMgBiO_4$	куб.	11,70	1603	16	100,2	7,23	7,12
$GdMgBiO_4$	куб.	10,85	1277	16	79,8	9,45	9,31
$HoMgBiO_4$	куб.	10,83	1269	16	79,3	9,68	9,61
$TmMgBiO_4$	куб.	10,94	1309	16	81,8	9,46	9,33

А- О байланыс ұзындығының иондық радиусының мәніне қарап, катион мен анион арасындағы байланыс айтарлықтай жақын емес және Шеннонның иондық радиусы бойынша координациялық саны 8-ге тең болатын радиуста, ал В-О, С-О атомдарының арасындағы координациялық сан 6-ға тең болатын радиуста алынды. Экспериментте алынған заттар кубты көлемі центрленген сингонияға жатады.

Құрылысындағы әр иондардың координациялық сандары мен кристалдық тордың параметрлеріне тәуелділігі арқылы байланыс ұзындығын есептеуге арналған формулалар қорытылып шығарылды:

$$l_{A-O} = \frac{a\sqrt{3}}{\rho}; \quad l_{B-O} = \frac{a\sqrt{6}}{2\rho}; \quad l_{C-O} = \frac{a\sqrt{6}}{2\rho} \quad (1)$$

мұндағы: a – тор параметрі; l_{A-O} - А және О атомдары арасындағы байланыс ұзындығы А, В, С, О - кальций, СЖЭ, висмут және оттегі атомдары; ρ - координациялық сан.

Координациялық сан ВаО, MgO, Bi_2O_3 және R_2O_3 қосылыстарының кристаллохимиялық құрылымдарын қолдана отырып, құрылым тұрақтылығының геометриялық шегінен анықталды. Координациялық сан иондық радиустардың қатынастарына байланысты яғни, катион радиусының анион радиусына қатынасының белгілі сандық мәні координациялық санды береді [2].

$RMeBiO_4$ қосылысының кристалдық ұяшық параметрлерін иондар радиусы арқылы сызықты теңдеу түрінде сипаттауға болады. Егер құрамында бірдей иондары бар

құрылыстары изокұрылысты өкілдерді қарастырсақ, формулада бірдей мүшелер пайда болады [3].

СЖЭ оксидтері қатарынан кейбіреулерінің жоқтығына байланысты, синтезделініп алынбаған фазалардың элементар ұяшықтар параметрлерін анықтау үшін біз теңдеулер жүйесін құрдық [4]:

$$a^I = \kappa_1 \cdot R_A + \ell_1 \cdot R_B^I + d_1 \cdot R_C + m \quad (2)$$

$$a^{IV} = \kappa_4 \cdot R_A + \ell_4 \cdot R_B^{IV} + d_4 \cdot R_C + m$$

$$a^* = \kappa_* \cdot R_A + \ell_* \cdot R_B^* + d_* \cdot R_C + m$$

мұндағы: R_A, R_B, R_C - Ва, СЖЭ және Ві иондық радиустары. Жүйе төрт белгісізі бар төрт теңдеуден тұрады. Теңдеулер жүйесіндегі k, l, d, m коэффициенттерін анықтап, келесі теңдеу алынды:

$$a = -3,471 \times R_A + 4,937 \times R_B + 6,456 \times R_C - 0,039 \quad (3)$$

Сондықтан формулаға 0,977 түзету коэффициенті енгізілді. Параметрлер мәндері кестеде көрсетілген (кесте 2.). Дәлдік орташа 0,031%-ға көтерілді.

Зерттелініп отырған қосылыстар үшін байланыс кернеулігі (μ) белгілі теңдеуімен есептедік. Байланыс кернеулігі мәндерінің оң таңбаға ие болуы байланыстың түзілуі иондардың кеңістікте ығыспай түзілетіндігі, ал теріс мәндері байланыстың сығылып түзілетіндігін байқатады. Егер $\mu > \pm 10\%$ болса, онда байланыс түзілмейді. Біздің жағдайымызда, барлық қосылыстардың түзілетіндігін көре аламыз.

$$\mu_{A-O} = \{[\ell_{A-O} / (R_A + R_O)] - 1\} \times 100\% \quad (4)$$

мұндағы: ℓ_{A-O} - А және О иондары арасындағы байланыс ұзындығы; R_A, R_O - А және О иондары радиустары (Кесте 2. Күрделі висмутиттердің атомдары арасындағы байланыс сипаттамалары).

Кесте 2.

Қосылыс	Тор параметрі $a_{есен}$ Å	Тор параметрі a , Å	Байланыс сипаттары					
			ℓ_{A-O}, A^0	$\mu_{A-O}, \%$	ℓ_{B-O}, A^0	$\mu_{B-O}, \%$	ℓ_{C-O}, A^0	$\mu_{C-O}, \%$
$YBaBiO_4$	10,795	10,49	3,03	7,45	1,606	-6,96	2,14	-9,321
$LaBaBiO_4$	10,305	10,14	2,93	-1,67	1,552	-14,8	2,07	-13,98
$CeBaBiO_4$	10,559	10,84	3,13	5,03	1,659	-8,299	2,21	-6,356
$NdBaBiO_4$	10,677	10,67	3,07	3,02	1,629	-8,94	2,17	-8,051
$GdBaBiO_4$	10,684	10,52	3,04	2,01	1,610	-8,04	2,15	-8,898
$TbBaBiO_4$	10,725	10,57	3,05	2,35	1,618	-3,23	2,16	-8,475
$DyBaBiO_4$	10,767	10,50	3,03	1,68	1,607	-7,56	2,14	-9,321
$HoBaBiO_4$	10,638	10,49	3,03	1,68	1,607	-6,96	2,14	-9,321
$TmBaBiO_4$	10,875	10,83	3,13	5,03	1,658	-3,07	2,21	-6,356
$YMgBiO_4$	10,04	10,84	2,35	1,299	1,659	-3,91	2,14	-8,89
$LaMgBiO_4$	10,27	11,70	2,53	9,5	1,791	-1,73	2,39	-1,65
$GdMgBiO_4$	10,049	10,85	2,35	1,73	1,661	-5,47	2,21	-9,05
$HoMgBiO_4$	10,039	10,83	2,34	1,299	1,658	-3,95	2,214	-8,89
$TmMgBiO_4$	10,004	10,94	2,37	2,597	1,675	-2,19	2,23	-8,23

Кристалдық тор параметрлері арқылы иондар арасындағы химия байланыстардың ұзындығын ион радиустары арқылы, олардың түзілу жағдайын түсіндіреді, бұл жағдай күрделі висмутиттердің құрылысын толығымен сипаттайды.

2-кестеде көрсетілгендей тұрақты кубты құрылыстағы А-О, В-О және С-О арасындағы байланыс кернеулігін бірдей болмауы тиіс. Жоғарғы дәлдікпен есептелмеген болмаса да А-О байланысы сығылыспай орналасқан деп айтуға болады.

Бірқатар бастапқы компоненттер СЖЭ оксидтерінің жоқтығына байланысты лантаноидтар қатарында бірнеше жетіспеушіліктерді, жоғарыда қорытылып шығарылған теңдеуі (3) толығымен шешті. Осындай теңдеулер жүйесі тәжірибелік нәтижелер арқылы теориялық негізде изокұрылысты белгісіз құрылымдарды болжауға мүмкіндік берді [3].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Безносиков Б.В., Александров К.С., «Прогноз некоторых антиперовскитов» //Журнал структурной химии том 43, № 5, 2002. – С 860-863.

2. Матаев М.М. «Рентгенография смешанных оксогалогенидов висмута и сурьмы» //Вестник КарГУ. –2004. -№ (1) 33. -С.14-16.

3. Калдыбаева А.К., Кездикбаева А.Т., Матаев М.М., Алдабергенов М.К. «Рентгенография сложных висмутитов кальция и редкоземельных элементов» // Вестник КарГУ. –2004. -№ (1) 33. -С.19-21.

4. Калдыбаева А.К., Кездикбаева А.Т., Матаев М.М., Алдабергенов М.К. «Прогноз некоторых сложных висмутитов» // Вестник КазНУ. –2004. -№ 3 (35). -С.87-90.

РЕЗЮМЕ

*Ескалиева Г., магистрант, Матаев М., д.х.н., профессор,
Мырзахметова Н., к.х.н., ст. препод.*

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ХАРАКТЕРИСТИКА СВЯЗЕЙ ИОНОВ, АТОМОВ СЛОЖНЫХ ВИСМУТИТОВ

Рассчитаны длины и параметры элементарных ячеек, напряженности связей $RMeBiO_4$ (Me-Mg, Ba). С помощью ионных радиусов и расстоянии между анионами и катионами были определены структуры сложных висмутитов.

Ключевые слова: сложные висмутиты, наноматериал, параметры сетки, элементарная ячейка, длина связи, напряженность связей, связи между ионами, ионный радиус.

SUMMARY

*G. Eskalieva, master, M.Mataev, d.ch.s., Prof., N.Myrzahmetova, dr.ch.s.,senior lecturer
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

COMMUNICATION PERFORMANCE IONS, ATOMS COMPLEX VISMUTITOV

And calculated the length of the unit cell parameters, the tension ties $RMeBiO_4$ (MeMg, Ba). With the help of the ionic radii and the distance between the anions and cations were determined the structure of complex vismutitov.

Keywords: complex bismuthides, nanomaterial, the lattice parameters of the unit cell, the bond length, bond stress, communication between ions, ionic radius.

УДК 633: 631.527

**ПРОДУКТИВНОСТЬ РАПСА В РАЗЛИЧНЫХ УСЛОВИЯХ
КОРМОПРОИЗВОДСТВА КАЗАХСТАНА***Жексембиев Р.К., к.б.н., доцент**Оразбаев К.И., к.с.-х.н., и.о. доцента**(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье рассмотрена динамика продуктивности растений рапса и содержания питательных веществ в нем. Установлено, что наибольшее содержание кормовых единиц в растении ярового рапса было в конце цветения, а максимальный сбор переваримого протеина - в начале цветения. При весенних сроках посева урожайность зеленой и сухой массы и бор питательных веществ увеличивается до фазы полного цветения. Растения обладают высокой холодостойкостью, даже при минусовой температуре и может использоваться для выпаса животных. Указанные закономерности легли в основу сбора кормовых единиц, переваримого протеина и условно-комплексных единиц при учете урожайности кормовой массы с 1 га.

Ключевые слова: Климат, зона, почва, семейства, рапс, бутонизация, зеленая сухая масса, кормовая единица, сырой протеин, переваримый протеин, сырая клетчатка, углевод, кальций, фосфор, каротин, кормопротеиновая единица, прирост, продуктивность, цветения, плодообразования, фазы развития, гликозинолаты, эруковая кислота, естественный холод, эффективность, медосбор, листья, динамика, позднее – осенний период.

В сельскохозяйственной практике рапс в основном используется как масличная и кормовая культура, медонос, удобрение и хороший предшественник для большинства сельскохозяйственных культур.

В Казахстане наиболее широкое использование рапс получил как кормовая культура. Он может быть использован на корм скоту и птице в виде зеленой массы, сенажа, силоса, гранул, брикетов и шрота [1].

По исследовательским данным Казахстанских ученых рапс имеет короткий вегетационный период и может быть широко использован в промежуточных посевах в регионе достаточного увлажнения на поливных землях юга и юга-востока Казахстана, обеспечивая животных зелеными кормами в наиболее напряженный период весны, поздней осени, зимой (в замороженном виде) или после скашивания многолетних трав, т.е. тогда, когда нет зеленых кормов [2].

Зеленая масса рапса в сравнении с другими видами корма обладает более высокой питательной ценностью и переваримостью. В растении рапса содержится значительно больше протеина, чем у кукурузы, подсолнечника, суданской траве, озимой пшенице, ржи, ячмене, и примерно одинаковое в сравнении с горохом, викой и люцерной. Однако в его зеленой массе содержится меньше сухого вещества и клетчатки [3].

В связи с этим в Казахском НИИ земледелия и растениеводства в отделе кормовых, масличных и зернобобовых культур в 2009-2010 годы были проведены полевые опыты на тему: «Агротехнические особенности возделывания ярового рапса». Почва опытного участка светло-каштановая среднесуглинистого механического состава содержание гумуса 2,3%, обеспеченность подвижными элементами составляет: азота 40-50, фосфора 15-20 и калия 350-400 мг на 1 кг почвы. Глубина залегания грунтовых вод 5-6 м.

Результаты исследования динамики содержания питательных веществ в яровом рапсе показывают, что наилучший выход питательных веществ наблюдался в начальных фазах развития (бутонизация, начало цветения), а в период массового цветения произошел некоторый спад, что связано с некоторым огрублением растений рапса.

Наибольшее содержание кормовых единиц в растениях ярового рапса было в конце цветения, а максимальный сбор переваримого протеина - в начале цветения. Указанные закономерности легли в основу сбора кормовых единиц, переваримого протеина и условно-комплексных единиц при учете урожайности кормовой массы с 1 га (Таблица 1. Динамика содержания питательных веществ в яровом).

Таблица 1.

Питательные вещества	Фазы вегетации		
	Бутонизация	Начало цветения	Конец цветения
Влажность, %	93,0	91,0	85,0
В 1 кг корма содержится:			
Кормовых ед., кг	0,09	0,11	0,15
Сырого протеина, г	18,5	20,8	19,7
Перевар., протеина, г	17,0	17,5	16,0
Сырой клетчатки, г	18,9	21,4	27,8
Углевода, г	5,6	4,9	8,3
Кальция, г	1,8	2,3	2,9
Фосфора, г	0,5	0,5	0,6
Каротина, мг	28,0	31,0	29,0

В ранних фазах вегетации растения рапса содержат наибольшее количество протеина и воды, и наименьшее вредных для животных гликозинолатов и эруковой кислоты. Однако от фазы образования стебля до фазы полного цветения рапс начинает интенсивно расти, значительно увеличивая общий выход кормовой продукции с единицы площади. Поэтому убрать рапс на зеленый корм следует при максимальном выходе питательных веществ с 1 га. При необходимости вскармливания рапсом скота и птиц можно начинать в более ранние фазы вегетации т.е. в фазе образования стебля [2].

При весенних сроках посева урожайность зеленой и сухой массы и сбор питательных веществ увеличивается до фазы полного цветения. Так, при весеннем использовании зеленой массы ярового рапса в фазу бутонизации стеблестой достигал высоты 95-100 см, накапливая существенное количество питательных веществ при урожайности зеленой массы 134,9 ц. с 1 га, где выход сухой массы составил 51,2 ц., а сбор питательных веществ в пересчете на 1 га был следующим: кормовая единица 2281,0 кг, переваримого протеина 552,8 кг и кормопротеиновых единиц - 1499,4 кг с 1 га. Последующий учет продуктивности в фазе начало цветения превышали вышеназванные показатели соответственно по зеленой массе на 38%, выходу воздушно - сухой массы на 19%, кормовой единице на 12%, переваримому протеину на 7% и сбору кормопротеиновых единиц на 9%. Как свидетельствуют приведенные данные, наибольший прирост между фазами бутонизации и началом цветения наблюдался по накоплению зеленой массы 82,6 ц., этот показатель по сухой массе составил намного ниже 12 ц., что объясняется менее сочностью второго периода. Сбор питательных веществ в фазе начало цветения были: кормовых единиц 2592,1 кг, переваримого протеина 594,4 и условно-комплексных единиц 1647,7 кг с 1 га. Анализ прироста продуктивности между началом и массовым цветением показал, что наименьшая прибавка отмечалась по зеленой массе 5,4% или 12,9 ц., эти показатели сухой массы 13% и 9,4 ц., кормовых единиц - 15% и 457,1 кг, переваримого протеина 9% и 58,8 кг, условно-комплексных единиц 11% и 203,6 кг. Предуборочная продуктивность ярового рапса с га была: зеленая масса 290,4 ц, сухая масса 72,6 ц, кормовых единиц 3049,2 кг, переваримого протеина 653,2 кг и кормопротеиновых единиц 1851,3 кг.

Следует отметить, что период массовое цветение ярового рапса носит продолжительный характер, примерно месяц, что и благоприятствовали пчелам в сборе меда. Сбор меда с 1 га рабочими пчелами составляет 30 кг. Период медосбора, возможно, увеличить методом посева его в различные сроки, начиная с осени, ранней весны и кончая поздним летом.

В фазу полного цветения начала плодообразования часть листьев начинал опадать, отчего содержание протеина и незаменимых аминокислот уменьшается, а поедаемость зеленой массы снижается. Следовательно, использование зеленой массы рапса должно проводиться с учетом ее максимальной урожайности с наибольшим выходом кормовых единиц и переваримого протеина с единицы площади, что бывает в фазу цветения.

При летнем и позднелетнем сроках посева сбор кормовых единиц и переваримого протеина увеличивается до фазы массового цветения, и даже начала плодообразования. Так, по данным Астанинского СХИ при уборке растений в фазу начала цветения, и (10..13 сентября) урожайность зеленой массы составила 195,6 ц/га с выходом кормовых единиц 17,98 ц/га и переваримого протеина 3,86 ц/га; в фазу массового цветения (14-23 сентября) соответственно 266,81; 23,12 и 4,79; фазу полного цветения - плодообразования (24 сентября – 5 октября) – 296,67; 37,45 и 6,87. При использовании рапса в сентябре, октябре растения часто попадают под заморозки не достигнув фазы полного цветения – плодообразования (при позднелетних сроках посева). Здесь ничего страшного нет и рапс можно использовать в любой фазе вегетации, даже если растения попадают под сильные заморозки, при этом увеличивается в них содержание сахара и улучшается поедаемость.

Н.З.Милащенко сообщает, что после заморозков растения, находящиеся в фазе цветения не полегают, питательная ценность замороженного корма из рапса после хранения в течение 30, 85, 90 и 105 суток сохранилась и составляла в расчете на сухое вещество протеина – 22...25%, жира – около 3%.

При скармливании бычкам мерзлого, но размороженного в кормоцехе рапса обеспечило привес их на 133 г в сутки и выше, чем при скармливании силоса из кукурузы.

Консервирование зеленых травянистых растений холодом может сыграть значительную роль в решении проблемы полноценного кормления животных в осенний и зимний периоды свежим зеленым кормом. Значительный практический и научный интерес по консервированию зеленых растений ярового рапса естественным холодом имеют работы Кокчетавского научно-исследовательского института сельского хозяйства. В основу их исследования поставлено 3 вопроса: 1. Замораживание растений рапса, оставляя его в поле на корню; 2. Замораживание растений рапса в валках; 3. Замораживание растений рапса в скирдах от 50 до 80 тонн.

К периоду консервирования ярового рапса естественным холодом растения достигли фазы цветения.

Для кормления животных в октябре яровой рапс используется на корню. Растения в это время обладают высокой холодостойкостью, даже при минусовой температуре (в дневное время -1°C) остаются живым, при потеплении восстанавливают тургор. Температура воздуха до -10°C не оказывает влияния на содержание питательных веществ (таблица 29).

В течение ноября подбор, транспортировку и кормление скота яровым рапсом ведут из валков. Замороженные растения в валках не теряют листья, имеют зеленый цвет, при оттаивании (перед кормлением) не имеют неприятного запаха и вкуса. В течение всей зимы в замороженных растениях в органах ткани и клеточном соке хорошо сохраняются в неизменной концентрации питательные вещества (таблица 2. Химический состав и кормовая ценность ярового рапса в зависимости от способа хранения (в абсолютно сухом веществе).

Кормление животных из скирд можно вести в течение всего холодного периода. Хранение замороженных растений рапса в скирдах ведется на подстежных каналах при принудительном активном вентилировании холодным воздухом. Заскирдованная масса рапса в течение всего периода хранения имеет зеленый цвет и не теряет кормовых достоинств. Уборка растений рапса для хранения в валках и скирдах проводится в период наступления устойчивых холодов с минимальной температурой воздуха не ниже 5°C (вторая половина октября). Наиболее эффективным способом использования ярового рапса в поздней – осенний период считается использование его на корню и из валков с последующей транспортировкой массы порционной раздачей в кормушки.

Таблица 2.

Показатели	Способ хранения		
	На корню	В валках	В скирдах
Химический состав, %			
Протеин	18,0	17,16	18,0
Жир	3,0	3,2	3,3
Клетчатка	26,0	28,6	26,8
БЭВ	44,0	40,76	42,0
Зола	9,4	9,7	9,3
Кальций	0,31	0,37	0,31
Фосфор	0,26	0,20	0,21
Сахар, г/кг	22	26,0	58,0
Каротин, мг/кг	73	72	60
Перевар. протеина на 1 корм.ед.	172	164	174

Данные таблицы 2 свидетельствуют, что замороженные растения ярового рапса на корню, в валках и скирдах не теряют своих кормовых достоинств. Применяя различные способы хранения ярового рапса естественным холодом, представляется возможность обеспечения животных зеленым кормом в осенний и зимний периоды.

Таким образом, динамика изучения продуктивности ярового рапса в орошаемых условиях Алматинской области показало, что убрать рапс на зеленый корм следует при максимальном выходе питательных веществ с 1 га, что соответствует началу фазы цветения.

При необходимости вскармливания рапсом скота и птиц можно начинать в более ранние фазы вегетации т.е. в фазе образования стебля.

При весенних сроках посева урожайность зеленой и сухой массы и сбор питательных веществ увеличивается до фазы полного цветения. Растения обладают высокой холодостойкостью, даже при минусовой температуре и может использоваться для выпаса животных.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Гулаткан В.Д. Урожайность и кормовая ценность ярового рапса в зависимости от сроков посева. Ж. Вестник с. - х. науки Казахстана. Алма-ата, 1983. С. 33-36.
2. Рекомендации выращивания ярового рапса и сурепицы на кормовые цели и семена. Алма-Ата. «Кайнар», 1982.
3. Милащенко Н.З. Рапс в Омской области. Омское книжное издательство, 1983.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Жексембиев Р.К., б.ғ.к., доцент, Оразбаев К.И., а.-ш.ғ.к., доцент м.а.,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

ҚАЗАҚСТАН ЖЕМШӨПТІҢ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА РАПС ӨНІМДІЛІГІ

Жаздық рапс дақылының динамикалық зерттелуі Алматы облысының суармалы жағдайында жүргізіліп, мол өнім мен сапалы қоректік зат беретін мерзімі гүлдену фазасы екені анықталған. Жаздық рапс басқа топырақ климат жағдайында да жақсы нәтиже беріп, күздің суық мезгілінде мал азықтық сапасын жоғалтпағандығы анықталған.

Түйін сөздер: Климат, аймақ, топырақ, рапс, бүршік ату, жасыл құрғақ салмақ, жем бірлігі

SUMMARY

*R.K. Zheksembiev, c.b.s., assoc. prof., K.I. Orazbaev, c.a.s., acting assoc. prof.
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**PRODUCTIVITY OF RAPS IN VARIOUS CONDITIONS FEED
PRODUCTION KAZAKHSTAN**

During the study of the productivity of spring rape in different soil and climatic conditions, the best results are obtained in the irrigated foothill conditions of Almaty region in the phase of flowering. Forage dignity was not lost in the early autumn cold.

Keywords: The climate zone, soil, family, rape, budding, green dry weight, feed unit.

ӘОЖ 574 (07)

**РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ
ЭКОТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА ӘСЕРІ**

Медеуова Ф.Ж. - а.ш.ғ.к.

*Садыкова Д.А. - ж.ғ.м., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Қазақстандағы рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану емдеу-сауықтыру аймақтарында табиғат көркін сақтау арқылы экологиялық туризмнің даму болашағын айқындайды. Экологиялық туризмді дамыту арқылы еліміздің жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті - рекреациялық аймақтарын қорғаймыз, экотуризм аймақтарға бөлу арқылы рекреациялық ресурстарымызды қорғау жұмыстарын жандандырамыз, ұлттық экологиялық мәселелерді шешу мүмкіншіліктері артады. Еліміздегі экотуризмді дамыту арқылы экономикалық жағдайымызды жақсартамыз, әлемдік деңгейдегі мәртебемізді айқындаймыз, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекеттер қатарында боламыз. Мақалада Емдік-сауықтыру аймақтарын тиімді пайдалану, экологиялық туризмді дамыту арқылы экологиялық мәселелерді шешудің басты бағыты айқындалған.

Түйін сөздер: Экотуризм, рекреация, экология, минералды су, емдік-сауықтыру орталықтары.

Экологиялық туризмнің дамуы қоғамдағы адамдардың жағдайы мен өнеркәсіп, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына байланысты екендігі айқындалды. Туризмнің дамуы мемлекеттің ішкі және сыртқы әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайының тұрақтануына, табыстың ұлғаюына, шетелдік валютаның енгізілуіне әсерін тигізетіні белгілі болды.

Емдік-сауықтыру рекреациялық ресурстарын пайдалану алғаш Швейцарияда «Санкт-Мариц» емдеу орталығы ретінде қалыптасты. Рим империясы кезеңінде Венгрия, Румынияда Болатон көлі, Австрияда «Бадена», Германияда «Висбадена», Францияда «Экслебена», Италияда орналасқан Неаполитон шығанағы жағалауында емдік мақсатта минералды су көздері пайдаланылды. Орта ғасырда ең белгілі «Пеом-Бьер-Ле-Бе», XVII-XVIII ғ. Еуропалық емдеу орталықтары, XIX ғ. «Висбаден», «Баден» ең маңызды емдеу-демалыс аймағына айналды.

Қазіргі кезеңде Франция мемлекеті әлемдегі емдеу-сауықтыру рекреациясына бай мемлекеттердің алдыңғы орнында. Францияда 100-ге жуық емдеу-сауықтыру орталығы бар. Сонымен бірге Еуропа елдері Германия, Болгария, Румыния, Чехия, Австриямен бірге Израиль мемлекетіндегі Өлі теңіз емдік бағыттағы экотуризм жоғары дамыған аймақтарға жатады. Емдік бағыттағы рекреациялық ресурстар

минералды су көздері, батпақ, климат ең маңызды факторлардың бірі. Емдік-сауықтыру орталықтарының ерекшеліктері төмендегі факторлармен қарастырылады:

- табиғи емдік көздерінің болуы;
- техникалық тұрақтылық пен тиімді пайдалану;
- тұрғын үй немесе ғимараттар;
- медициналық қызмет көрсету;
- туристік қызмет көрсету;
- спорт алаңдары мен емдік мекемелер;
- жол торабының тиімді орналасуы;
- инфрақұрылымның дамуы.

Қазақстанның көрікті табиғаты, бай минералдық су көздері және шипалық сазды жерлері бір-бірімен үйлестікте адамның физиологиялық жағдайына әсер ететін және көптеген сырқат түрлерін емдеуге көмектесетін климаттық факторлар кешенін құрайды және демалыс, танымдық мақсатта экологиялық туризмді дамытуда маңызды. Өйткені, экологиялық туризм бұл табиғаты сақталған аудандарға әсем ландшафттарды тамашалау, оларды танып-білу және сақтау үшін жасалатын саяхат болып табылады. Осыған байланысты Қазақстандағы емдік-сауықтыру бағытындағы туризмді дамыту арқылы экологиялық туризмді дамыту бағыттарын жандандыру қажет. Еліміздің емдік бағыттағы емдік-сауықтыру орталықтары Орталық және Солтүстік Қазақстанда, Қарағанды облысындағы Қарқаралы тау-орман массивінде, Қостанай, Павлодар облысындағы Баянауыл тау-орман массивінде біршама алдыңғы дәрежеде. Қостанай облысындағы Қазанбас орманды аймағындағы шипалы батпақ тұзды көлі және басқа адамның денсаулығына қолайлы табиғат ресурстары қамтылған. Павлодар облысындағы Баянауыл массивінде континенттік климат және ірі аумақты минералды батпақ және сульфат-хлоридтік, магний - натрий суға бай өзендер қоры көп орналасқан.

Қазақстан емдік бағыттағы сауықтыру орталықтарына өте бай аймақ, 500-ге жуық анықталған минералды су көздерінің 200 термальдық және субтермальдық және хлор-сульфат, натрийлі суға бай (Қапал Арасан), натрий - карбонатты сульфат суы (Алма Арасан), гидрокорбонат, натрий, жоғарғы термольді радиоактивті, өз құрамына темір, марганец, мыс, цинк және т.б. құрамын қамтыған (Сарыағаш) пайдалануда. Сонымен бірге 78 шипалы батпақ көлдер, 50 климатпен емдеу аудандары және зоналары республикамыздың барлық облыстарында кездеседі.

Емдік - сауықтыру бағытындағы туризмнің Алматы, Бурабай-Щучинск, Баянауыл, Қарқаралы, Сарыағаш, Сергеевка, Шалқар емдік-сауықтыру орталықтары жоғары дәрежеде дамуға мүмкіншілігі бар аймақтар саналады.

Бальнеологиялық емдеу-(латын тілінен аударғанда Balneum-ванна, шомылу) табиғи және қолдан жасау әдісі арқылы минералды сумен емдеу. Қазақстандағы негізгі емдік-сауықтыру орталықтары минералды суды пайдалану арқылы қалыптасқан. Құрамындағы минералды, химиялық, газ, температура адам ауруларына емдік әсер етеді. Климатпен емдеу - табиғи климаттық жағдайы қолайлы емдік қасиетке ие ауа-райы қалыптасқан аймақта емдеу. Климатпен емдеудің елімізде аэротерапия, серуендеу т.б. кездеседі.

Қымыз және шұбатпен емдеу біздің елімізде ежелден белгілі. Қымыз өз құрамына 2-2,5% белок, 1-2% май, 3,5-4,8% қант, витаминдер, фосфор, кальций, 0,6-1,2% сүт сақтайды. Қымызды туберкулез, анемия, рахит ауруларын емдеуге пайдаланады [1, 3, 4].

Қазақстандағы емдік ресурстарды зерттеу бойынша 500 минералды су көздері, 50 климаттық емдеу орындары бар екендігі анықталды. Қазіргі кезеңде елімізде 12 емдік-сауықтыру орталықтары, 2 пансионат, 6 демалыс үйі бар. Емдік-сауықтыру орталықтары Қарағанды, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарында жоқ. Сонымен бірге Каспий теңізі жағалауы, Маңғыстау, Атырау облыстарында, Солтүстік және Шығыс Қазақстан тау-кен өнеркәсібі дамыған аймақтары емдік мақсатта пайдаланылмаған. Қарқаралы мен Баянауыл аймағын емдік туризм бағытында дамыту қолға алынбаған және көптеген минералды батпақтары бар көлдерді пайдалану жүзеге асырылмаған.

Еліміздегі емдік-сауықтыру бағытындағы орталықтар: «*Ақжайық*» - Орал қаласынан 45 км қашықтықта орналасқан. 1989 жылы Орал өзенінің жағалауында көрікті табиғат аясында құрылды. Негізгі емдеу факторы хлорлы-магний-натрий минеральданған суы, құрамында темір бар минералды су ішкі құрылыстарды тазалау үшін қолданылады. Ревматизм, гипертоникалық аурулардың бірінші және екінші дәрежесін анемия, варикоз ауруларын және ас қорыту аурулары гастрит, энтероколит, гепатохолист, панкреатитті емдеуге маманданған. Сонымен бірге қосымша сусамыр, зоб ауруларын емдеу бағыттары дамыған. «*Атырау*» - емдеу-сауықтыру орны Атырау қаласында Орал өзенінің жағалауында орналасқан. Емдеу-сауықтыру орны Орал өзенінің қалаға шығатын жағасында орналасқан. Негізгі емдеу факторлары құрамында элементтері бар хлорид, натрий суы. Полиартрит, остеохондроз, радикулит, артрит ауруларын емдеуге маманданған. «*Сосновый бор*» – Қостанай қаласынан 50 км қашықтықта орналасқан. 1981 жылы қайыңды ағаштар арасында, емдік қасиеті бар қолдан жасалған көлмен спорттық кешен ретінде орналасқан. Құрамында озон мен ионға бай таза ауа, мәңгі жасыл өсімдіктері бар алқап адам ағзасына қолайлы әсер етеді. Негізгі табиғи емдік көзі – шипалы батпақ және аз минеральданған сульфат-натрий су. «*Зеренді*» демалыс үйі – Көкшетау қаласынан 50 км қашықтықта Зеренді көлінің жағалауында таулы, орманды алқапта орналасқан. Көлдің құмды жағалауы, аралас орман, таулар, қолайлы климат, адам ағзасына жақсы әсер ететін табиғатқа бай өлке, бұл адамдардың жақсы демалуы үшін өте маңызды. «*Светлый*» емдеу-сауықтыру орталығы - Көкшетау қаласынан 60 км қашықтықта «Бурабай емдеу-сауықтыру орталығы» станциясынан 12 км қашықтықта, Щучье көлінің жағалауында орналасқан. Көрікті көп тауларымен көмкерілген табиғатпен қоршалған, таза ауа адамның денсаулығына әсер ететін қолайлы табиғи емдік факторға ие климат қалыптасқан. Негізінен бронхит, бронхиальдық астма, пневмония, жоғарғы тыныс жолдары, тонзиллит, фаренготрахлит, синусит т.б. ауруларды емдейді [1, 2, 3]. «*Жаркент – Арасан*» - республикалық маңызы бар, бальнеологиялық емдік-сауықтыру орталығы. Алматы облысы, Панфилов ауданы Жетісу (Жоңғар) Алатауының табиғаты әсем шатқалында, теңіз деңгейінен 1100 м. биіктікте орналасқан. 1967 жылы ашылған. Негізгі емі – құрамындағы радоны бар хлор – сульфат натрийлі минералды суы. Қан айналу, жүйке жүйесі, аяқ – қол, буын, тері және гинекологиялық ауруларды емдейді. Климаттық факторлар (таудың шипалы таза ауасы, өсімдігі, табиғи ландшафты) кеңінен пайдаланылады. «*Алма-Арасан*» – емдік сауықтыру орталығы Алматының оңтүстік – батысында, Іле Алатауының солтүстік беткейінде 1800 км биікте орналасқан. Жер бедері таулы-орманды шалғынды болып келеді. Суы аз мөлшердегі минералды, гидрокарбонатты, натрийлі, баяу сілтілі (рН –1,9-9,6), радиоактивті. 1953 жылы толық барланды. «*Рахманов бұлағы*» - Рахман көлі, Шығыс Қазақстан облысының Қатон-Қарағай ауданындағы шипалы жылы су көзі. Оңтүстік Алтайдың кішкене тектоникалық ойпатында, Арасан көлінің жағасында теңіз деңгейінен 1750м биіктікте орналасқан. Су граниттегі терең тектоникалық жарықтан шығады, температурасы 35°С-42°С. Рахман бұлағының шипалық қасиеті оның құрамындағы көмір қышқылының радонның молдығында. Суы тұщы, минералдануы 200 мг/л, құрамында гидрокарбонаттар, натрий, кальций т.б. элементтер бар. Рахман бұлағының суы асқазан, ревматизм, гинекология, жүйке, тыныс ауруларын және әр түрлі улану мен жараларды емдеуге қолданылады. «*Көктем*» - таза ауамен және шипалы сумен емдейтін емдеу-сауықтыру орталығы. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 2 шақырым жерде, Іле Алатауының етегінде, теңіз деңгейінен 1100 м биіктікте орналасқан. Таудың таза ауасы мен сұлу табиғаты, табиғи шипалы минералды суы демалушылардың жақсы емделуі мен демалуын қамтамасыз етеді. 1990 жылы аумағынан минералдылығы аз, гипетермалы (42°С- 44°С) құрамы азотты – сілтілі және хлор сульфатты натрий, кремний қышқылы мен фторға қаныққан табиғи шипалы жер асты ыстық су көзі табылған. «*Сарыағаш*» - бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы – Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданында, Шымкент қаласынан 145 шақырым жерде, Келес өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. «Сарыағаш» минералды суы алғаш рет 1948 жылы мұнай іздеу барысында бұрғылау кезінде табылып, шипалы қасиеті сол жылы белгілі болған. 1950 жылы

15 орынға арналған алғашқы бальнеологиялық емдеу орны ашылған. 1961 жылдан «Сарыағаш» емдеу-сауықтыру орталығы аталды. «Түрген» су көздері – Алматы облысында, Алматы қаласынан 80 км және Түрген ауылынан 20 шақырым жерде, Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген өзенінің бойындағы табиғаты әсем шатқалда орналасқан. Басты табиғи емдік қасиеті – ыстық (33°C, 35°C) сульфатты кальцийлі-натрийлі (минералдануы 1,44-І) 51 г/л су, құрамында азот пен кремний қышқылы бар, тәуліктік көлемі 25 м бальнеотерапия үшін қолданылуда. «Мерке» – бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы Жамбыл облысы, Мерке темір жол станциясының оңтүстігінде 14 км жерде, теңіз деңгейінен 1200 м биіктікте, таулы аймақта орналасқан. 1960 жылы жергілікті тұрғындар үшін демалыс үйі, ал 1981 жылы емдеу-сауықтыру орталығы ретінде ашылған. Негізгі емі – құрамында фтор, кремний қышқылы бар сульфаты (күкірт қышқылы), гидрокарбонатты – хлорлы натрий тұздары аралас радонды минерал суы пайдаланылады. Сондай-ақ таудың таза ауасы мен сұлу табиғаты, климатымен емдеу, физиотерапия, емдік денешынықтыру тәсілдері де қолданылады. «Жаңақорған» - балшықпен емдейтін бальнеологиялық курорт Батыс Қазақстан темір жолының Жаңақорған станциясынан 2 км, Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 170 км жерде, Сырдария аңғарының сортаң топырақты шөлді аймағында, Теріскен көлінің жағалауында орналасқан. Шипалы балшығымен, тұзды суы өте ертеден белгілі. Емдеу-сауықтыру орталығын салу 1918 жылы жергілікті дәрігер Ф.С.Мартюковтың ұсынысымен басталған 1920 жылы балшықпен емдеу ғимараты, 1926 – 1928 жылдары 200 орындық демалыс ғимараты салынған. Қазақстандағы балшықпен емдейтін тұңғыш емдеу-сауықтыру орталығы «Бурабай» емдеу-сауықтыру орталығы - Көкшетау облысының Шучье ауданындағы ауа райы және қымызбен емдейді. Бурабай көлінің жағасында теңіз деңгейінен 350-480 м биіктікте орналасқан «Көкшетау» демалыс үйі – Көкшетау қаласынан 60 км қашықтықта Бурабай станциясынан 6 км қашықтықта орналасқан. Демалыс үйі «Шучье» көлінің қайыңды жағалауында орналасқан. Климаты континенттік, қысы суық, жазы жылы. Көктем және күзде жидек, саңырауқұлақтар көп өседі. Демалыс үйі 250 орындық және 4-15 жастағы балалар мен ата-аналар және жанұялық демалыс үшін арнаулы бөлмелер жабдықталған [1, 2, 4]. Демалыс үйінде клуб, кітапхана, алаң, құмды жағалау, шаңғы базасы бар. «Мойылды» - балшықпен емдейтін бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы. Павлодар облысы, Мойылды көлінің жағалауында, теңіз деңгейінен 135 м биіктікте орналасқан. 1922 жылы ашылған. Климаты континенттік, яғни жазы ыстық, қысы суық. Қаңтар айының орташа температурасы -18°C, ал шілдеде +21°C. Жауын – шашынның жылдық орташа мөлшері 250 мм шамасында. Ем ретінде әлсіз сульфидті минералдылығы жоғары шөгінді балшық, Мойылды көлінен алынған ащы тұзды рапа (сульфат – хлорид, натрий – магний аралас) ванна (былау) ретінде пайдаланылады, минералды суын ішеді.

Елімізде емдік-сауықтыру бағытындағы туризмді дамыту жандандырыла бастады. Емдік бағыттағы туризмнің материалды-техникалық базасы жақсартылды, жаңа ғимараттар салынып, қосымша жаңа жиһаздармен қамтамасыз етілді және ем жасаудың жаңа әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Емдеу-сауықтыру нысандары табиғи көрікті аймақтар, минералды су көздері, табиғаттың шипалы байлықтары. Сондықтан экологиялық туризмді дамытуда емдеу-сауықтыру аймақтарын тиімді пайдалану арқылы дамытсақ елімізде туризм саласы мен экологияның да тұрақтануы байқалар еді.

Себебі, экотуризм табиғи ресурстарды, табиғи ландшафттар мен кешендерді сақтауға, туристік ағымдардың біркелкі таралуына үлкен үлесін тигізеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану емдеу-сауықтыру аймақтарында табиғат көркін сақтау арқылы экологиялық туризмнің даму болашағын айқындайды. Экологиялық туризмді дамыту арқылы еліміздің жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті-рекреациялық аймақтарын қорғаймыз, экотуризм аймақтарға бөлу арқылы рекреациялық ресурстарымызды қорғау жұмыстарын жандандырамыз, ұлттық экологиялық мәселелерді шешу мүмкіншіліктері артады. Еліміздегі

экотуризмді дамыту арқылы экономикалық жағдайымызды жақсартамыз, әлемдік деңгейдегі мәртебемізді айқындаймыз, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекеттер қатарында боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Д.А.Садыкова, Н.А.Мухамединова. ҚР экологиялық проблемалары, Алматы, 2010ж.
2. С.Р.Ердаулетов. Проблемы и перспективы казахстанского туризма. Алматы, 1997г.
Any Diaspora is a victim of a war, ecological catastrophe, internal and external policies, and ruined economical system in a home country or, at the end, its own ambitions. Any Diaspora takes multiple forms and changes its character over time. That is why, the typology, which was proposed by Robin Cohen does not work completely, when he adds ethnic belonging to. The Kazakh Diaspora was or is a victim, labour, trade and cultural, because at different times in several countries and the Kazakhs were or are political and war refugees, labour, trade or cultural emigrants. Diaspora is created by migrations usually in untraditional, alien environments. In the Western historiography of Migration there are two types of it: Forced and Voluntary Migrations of the Kazakh Diaspora. Every migrant population could be divided into two parts. The first part is those who escape from violence. The second one makes voluntary decision to migrate: they have a right and opportunity of choice: to stay or leave their homeland. The firsts have the right, but do not have the opportunity. As a result, it is very important to research the reasons of man choice, when he/she decides to leave home country and migrate to another one. These reasons could be described as «push» or «pull» aims: «from what» and «for what» a man needs to change his life and make a fresh start. It is not a voluntary decision; it is necessity, which very often is connected with his security and well being. It is not a sightseeing tour; it is stark reality, which challenges his survival. Reasons of migration could be political, economical, religious, cultural, ecological and etc.

The Kazakh Diaspora was created by forced and voluntary long distance migrations, for permanent time, with crossing of international borders, by the political, economical and religious causes. All Kazakh Diaspora movements were characterized by either mass or individual migrations. Forced Kazakh Migrations or Victim Diaspora Mass Kazakh migration was always forced ones and usually took place in eastern countries. In the process of the forced creation of the Kazakh Diaspora, there are two separate fields/blocks of study: First - Kazakh emigration from Kazakhstan to neighboring countries, and further resettlement in the World in 18-20th centuries, and 2 - Kazakh exodus from Sinkiang in 1940-1950s. There were: Kazakh- Oirats wars within the first part of the 18th century; numerous uprisings against Russian expansion and colonization of Kazakhstan in 18-19th centuries; the National-Liberation movement 1916 against Russian rule in Kazakhstan and Central Asian region; the establishment of the Soviet rule in Kazakhstan; the Collectivization (1929-1932); The Second

World War.

The first Kazakh exodus from Kazakhstan took place in the spring of 1723, when the Oirats surprised the peaceful Kazakh auls (villages) attacked and massacred many people, entire Kazakh clans and tribes were completely destroyed. Other Kazakhs were forced to leave their homes and flee to Bukhara and Khiva khanates and Badakhshan area in Pamir. Under the rule of Tsars in 18-19th centuries, there were several Kazakh emigrations following the defeats of numerous Kazakh uprisings against Russian conquest and Tsarist policy in Kazakhstan that promoted giving the best land to Russians. Kazakhs emigrated to China, Bukhara, Khiva, Afghanistan and Iran.

The 20th century was a generator of historical events, to which consequences the forced Kazakh Diaspora was developed. In 1916 the biggest national-liberation movement in Kazakhstan and Central Asia began, where Kazakhs fought against the Russian Government's effort to conscript Kazakhs for labor battalions behind the front of the First World War. This armed rebellion resulted in the massacre of several hundred thousand Kazakhs, and more than 300 thousand Kazakhs and Kyrgyzs fled to China. Later, the Bolsheviks established control and many Kazakhs refused to accept their hegemony; eventually they emigrated to the South and the East, finally crossing the frontiers of Afghanistan, Iran, and China. They also fled to France and Turkey. Collectivization in the Soviet period resulted in gross human tragedy for the Kazakh population and devastated the Kazakh nomadic economy. Thousand of nomadic families were forced into collective encampments where their animals often starved to death for lack of adequate grazing. The Kazakh livestock starved, hence the people starved. During only three years of the

collectivization, from 1929 to 1933, nearly 2 million or 52% of total Kazakh population was lost. 42% were killed by hunger, and 10% of Kazakhs also fled to other regions, including Xinjiang in China, Iran, Afghanistan, Uzbekistan, Russia and Karakalpakistan. What happened to the Kazakh people was an example of genocide.

World War II uprooted and displaced enormous numbers of people across the globe. From this period, there are two interesting developments of the Kazakh Diaspora evolving out of the capture of Kazakh soldiers by the Nazis. Kazakhs took participated to the Second World War in 1941, after the aggression Nazi Germany to the Soviet Union. The Nazis captured some of them in the early years of the war. As prisoners of war, Kazakhs were first concentrated in large transitional/concentration camps, and subsequently, were distributed among smaller work camps in Germany and German-occupied territories. There were two ways there: To joined to the resistance movement on these territories, for example, in France, where about 350 Kazakhs fought with Nazis, as members of the French Resistance movement in 1944-1945 near the town of Toulouse; Or another way: to stay without initiatives in prisoner camps and wait for the solution of their fates. In such a manner, the «Turkestan Legion» was a group that formed in German concentration camps, since the end of 1941, especially, for participating in the fronts of the Second World War, against the Soviet Union. Kazakhs were largest group in the Legion, after Uzbeks and numbered about 420 thousand there. After the defeat of the Nazi Germany in the Second World War, Turkestan legionaries were kept in the concentration camps, in particular in Dahau. After the checking a part of them returned the Soviet Union, but many of them decided to leave in the West. To the Selection Committee, they said that they are Turks, as a result, were moved to Turkey. There were about 20 Kazakhs, former prisoners of war, and then Turkestan legionaries in 1950s in Turkey.

Kazakh Exodus from Eastern Turkestan in 1940-1950s. One of the most heroic stories to be told in Central Asia is that of the fate of the Kazakhs in Eastern Turkestan. According to the Chinese census of 1937-1943, about half a million Kazakhs lived in the country between the Altai Mountains and the borders of the Northwest Tibet known as Eastern Turkestan (now called Sinkiang). There are two major developments whereby Kazakhs were driven from Sinkiang. First, the local Chinese governor Shen Shin Tsai encouraged Han-Chinese peasants to settle on lands occupied by Kazakhs. As a result, many were forcibly deported from their ancestral home in the Altai Mountains region. There was a real reason, why Kazakhs took participation in the many uprisings against Chinese authorities, and after defeat more than 18 thousand of them were forced move to India, via Tibet in 1939-1941. The second major Kazakh exodus took place after 1949 when the Chinese Communists established control and a prolonged-armed resistance forced Kazakhs to leave Eastern Turkestan in 1951. After crossing the sands of the Lopnor desert and snow summits of Tibet Mountains, the Kazakhs arrived in India and Pakistan. With few material assets, their economic livelihood was not easy and the Indian Government would not allow them permanent settlement until 1952. On the other hand, the Turkish government enthusiastically supported the Kazakh Diaspora, ultimately giving permission for 1,850 Kazakh political refugees to settle permanently in Turkey. With the help of the Kashmir and Indian Governments as well as the United Nations, World Church Service, National Council of Churches of Christ in the United States, the Kazakhs were able to leave Kashmir and resettle in Turkey from 1952 to 1956. All of these events – from the initial onslaught of the Oirats in the eighteenth century until the forceful expulsion of the Kazakhs from Eastern Turkestan by the Chinese Communists – certainly distinguish the Kazakh Diaspora as a victim Diaspora. And we could to stress that till the end of 1950s the Kazakh Diaspora was created by mass forced migration.

Voluntary Migrations of the Kazakh Diaspora or Labor, Cultural and Trade Diaspora When the Kazakhs moved to the West their movements are characterized by individual and voluntary migrations. Since 1960s the Kazakh Diaspora is characterized by voluntary migrations of individuals. It was a new trend in the development of the Kazakh Diaspora. The Kazakhs, as a component of the Turkish labor immigration movement, came to the West, primarily as manual laborers. Today, the Kazakh Diaspora in the West consists of office employees in large corporations, hotels, and various other service industries. Many Kazakhs have their own businesses.

About one third of them have manufacturing businesses in the Western European countries and in the United States. In 1990s there are many examples of Kazakh scholars, artists, and musicians who left Kazakhstan for work in the West, according to invitations of the Western governments.

In the case of the Kazakh Diaspora now it is good observed two tendencies: Attempts to preservation and development its ethnic identity in the conditions of alien living in the West or Repatriation to Kazakhstan. These tendencies became more active after 1991, when Kazakhstan declared its independence. Who decided to leave/live in the West, first of all, tried to stop the process of acculturation. It took place on early stages of Kazakh coming to Turkey, for example. First step was made in a family. Kazakhs taught their children to speak in Kazakh, to know Kazakh traditions. Mono-ethnic marriage was stimulated. Outside the family, Kazakhs began organized the cultural ethnic centers. For example, in the UK Kazakh Cultural Center was established in 1992. There are a few specifics of the Kazakh Diaspora in the West. Anywhere and always they were/are ethnic minority group; they have small numbers in a host country, which is not more than a few hundred families; they never played/play significant role in political elite activity of a host country; Representatives of the Kazakh Diaspora usually live in urban zone, which gives them good opportunities for job and education. They had/have great adaptation abilities, which usually help them to live and act in new environment successfully, such as: good and very quick language skills/knowledge; very short period of adaptation to alien climatic environment. But at the same time they have very strong Kazakh identity, which is displayed in Kazakh traditions, celebrations and customs in living activity. Now, after 1991, the Kazakh Diaspora has strong sentimental and maternal links with the Republic of Kazakhstan, which was impossible in the Soviet period. Another Kazakhs returned to Kazakhstan, where especially for them the conditions were created) [3, 4].

In conclusion, nevertheless it is clear that the Kazakh Diaspora, throughout its history, included elements of the victim, labor, trade and cultural diaspora introduced in Robin Cohen's recent work. These new classifications of diaspora give us new tools to critically examine diaspora around the world. Although they should be seen not as mutually exclusive, as Cohen argues, but rather that these classifications exist in combinations and multiple forms.

REFERENCES

1. Modern Diasporas in International Politics. Edited by G. Sheffer. – London & Sydney, 1986.
2. Cohen Robin. Global Diasporas. - London, 1997. – P. 31.
3. Mendikulova G. Repatriation into Kazakhstan. – University of Toronto, 2000.
4. Mendikulova G. The Kazakh and Korean Diasporas: Comparison of Typology//<http://iacd.or.kr/pdf/journal/06/6-8.pdf>.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Калиева А.А., с. з. к., Саурбаева Р., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

ҚАЗАҚ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ: ҚАЙНАР КӨЗІ

Автор Мендіқұлова Ғ. «Дияспора» мақаласында Қазақ ұлтының тарихи шиеленісі ХҮІІІ ғасыр мен шет ел және Қазақстандағы нақты жағдайын қарастырып сараптаған.

Тірек сөздер: дияспора, еркіндік миграциясы, типология

РЕЗЮМЕ

*Калиева А.А., к.с.н., Саурбаева Р., старший преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ДИАСПОРА КАЗАХСТАНА: ИСТОКИ

В статье авторами проанализировано значение дефиниции «Диаспора». На основе работ Мендикуловой Г. рассмотрена история становления Диаспоры казахов (XVIII в.) и ее современное положение, как в Казахстане, так и за рубежом.

Ключевые слова: диаспора, добровольная миграция, типология.

ӘОЖ 930.25

«МӘДЕНИ МҰРА» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

*А.Т. Қаипбаева, т. г. к., қау. профессор м.а.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада еліміздің мәдени мұрасын жинақтауға, мемлекеттік тілде гуманитарлы білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруге, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлы тәжірибені біріктіре зерттеудің бірыңғай жүйесін қалыптастыруға бағытталған «Мәдени мұра» бағдарламасының қабылдануының себептері, басты мақсаты мен міндеттері, барысы, нәтижесі айқын баяндалған. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында ғылыми айналымға енбей қалған еңбектер қайта қаралып, бүгінде ғылымға үлес қосарлықтай құндылыққа айналғандығы сандық көрсеткіштер арқылы дәлелденеді. Төл тарихымыздың жазба деректері арнайы ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу экспедициялар нәтижесінде елімізге жеткізіп, рухани игілігімізге айналғандығы сөз болады. Республикада мәдениет мекемелерінің көбеюі, тарихи және мәдени ескерткіштердің жасалуы маңызды орынға ие болғандығы және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы мәдени мұрасын, асыл қазыналарын жоғары теориялық жағынан талдап, зерттегендігі айтылады.

Түйін сөздер: Мәдени мұра, мемлекеттік бағдарлама, рухани игіліктер, тарихи ескерткіштер.

Әр халықтың өзі жүріп өткен тарихы мен қалыптастырған мәдениеті бар. Сондай-ақ оны баға жетпес ұлттық қазынаға айналдыру, рухани кемелдендіру жолдары да әрқилы. Еліміз тәуелсіздік алғалы қол артқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жетістік пен мемлекеттілікті баянды етпекке әрі келешектегі ел тұтқасы жастардың санасын дамыту үшін тек материалдық игілікті ғана мансұқ ету жеткіліксіз. Олардың бойына ата-баба дәстүрі мен ел-халқының тарихын қастерлеуге, ал ең бастысы, отансүйгіштікті нығайту үшін ұлтының рухани-мәдени құндылықтарын сіңіру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, тарихымыз бен мәдениетіміз тәуелсіздік жылдары жан-жақты дамып, қаржыландыру жағынан да үлкен демеу тапты. Соның бір айғағы ретінде еліміздің өткен тарихын ұрпақ санасына сіңіру үшін «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада: «Тәуелсіздіктің тарихи кезеңінің қысқа ғана мерзімінде Қазақстан территориясындағы мемлекеттілігіміздің рухани ұрпақтар жалғастығын, өткен ғасырлар байланысын, ата-бабалар сабақтастығы мен салт-дәстүрлерін көрсететін жалпы адамзаттың тарихи-мәдени және өркениетті үрдістердің толыққанды құрамдас бөлігі ретінде еліміздің үлкен мәнді дамуының қолдауына ие болды», – деп көрсетілді.

Сондықтан да «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге, сақтауға, жаңғыртуға және тиімді пайдалануға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету қажеттігінен туындаған. Оның басты мақсаты, Президент Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткеніндей, «ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты» болатын мәдениетті ашып беру, ұлтымыздың өркениеті мен мәдениетін, оның тарихын ұлықтаған ұлы тұлғалардың үлесін танытатын мәдени мұраны сақтаудың, қазақстандықтардың рухани кемелденуінің өркениет көшінен кейін қалмауын қамтамасыз ету» [1].

Яғни, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпыадамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғау бағдарламасы. Ежелгі тарихтың негіздерін бүгінгі күнмен қосатын жолды құрап, уақыттың үзіліссіз байланысын көрсететін адамзатқа қажетті көп қырлы қоғамның тарихи тәжірибесін зерттейді. Мәдениеттанушылар мен ғалымдар бұл бағдарламаны еліміздің кешегісі мен келешегін хаттап, әншейін тізбелеп қоя салар кезекті шара емес, ғаламдық маңызы зор, демек, қазақ мәдениетінің әлемдік мәдениетте таласы бар екендігін танытатын құбылыс болатындығы туралы салмақты пікір айтып қалып жүр. Оқымыстылар мен зиялылардың пікірінше мәдениеттің, ғылымның, философияның, әдебиеттің ең үздік үлгілерінің қазақ тілінде жарық көруі мен халқымыздың бай мұрасы мен жетістіктерін орыс және Қазақстанда өмір сүретін жекелеген этникалық ұлт өкілдерінің тілдеріне аудару – ұлтымыздың рухани мұрасын солар арқылы бірте-бірте әлем жұртшылығына таныту болып табылады. Осыған байланысты жадымызды жаңғыртуға арналған қазақтың тарихы мен мәдениетіне, тағдырына қатысты қаншама «ақтаңдақтар» ашылып, мұрағат түкпірінде шаң басқан жәдігерлеріміз жарыққа шықты. Аталмыш бағдарламаның міндеті осы мұраларды зерттеп қана қоймай, оларды пайдаға асыру мәселелеріне көбірек назар аудару керек [2.5446.].

«Мәдени мұра» бағдарламасын қолға алғалы бері ғылым саласында ашылмаған, жазылмай қалып жүрген көптеген ғылымға үлес қосарлық құнды еңбектер аударылып, жарыққа шыққаны да баршаға белгілі. Мысалы, қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларының әлемдік мәдени мұраларымен бірге терезесі тең екендігін осы аз уақыттың ішінде дәлелдеп шықтық.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша тарихтың палеолит заманына жататын Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан мен Кентау қалаларының маңындағы Қошқорған-1 мен Шоқтас-1 кешендерінде қазба жұмыстары жүргізілді. Айта кету керек, палеолиттану тарихнамасында алғашқы ескерткіштің өзіндік орны бар. Себебі, онда қазба жұмыстары XX ғасырдың орта тұсында басталған болатын. Ескерткіште қазба жұмыстарын әр жылдары О. Беляева, О. Артюхова, Б. Аубекеров т.б. мамандар жүргізіп, палеолит заманына жататын тас құралдарын, сүйек құралдарын тапқан. Кейіннен өткен ғасырдың соңғы жылдары мен осы ғасырдың бас кезінде Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясының отрядтары қатарынан бірнеше жыл далалық қазба ісін жүргізіп, палеолитке жататын толымды материалдар жинастырды. Нәтижесінде отрядтарда жұмыс істеген археологтар микроиндустриялды тас құралдарының кешендерін анықтады, яғни тас құралдарын жасауда шағын тастар негізге алынғандығын дәлелдеп көрсетті. Мұндағы шеті қатып-семген травертиналармен қоршалған «фонтанды» ескерткіштер (6 дана) аясын анықтап, олардың Еуразия палеолитіндегі рөлін нақтылады. Ал Ж.Қ.Таймағамбетов басқарған Қазақстан тас дәуірі ескерткіштерін зерттеумен шұғылданатын археологиялық экспедицияның 2004–2006 жылдардағы маусымдық жұмыстары алынған нәтижелердің растығын тағы да нақтылай түсті [3]. Бұрынғы нәтижелерге қосымша тас құралдары алынып, олардың техникалық-типологиялық сипаттамасы жасалды. Мезолиттен бастап энеолитке дейінгі тарихи дамуды көрсететін ескерткіштердің бірі Павлодар облысындағы Екібастұз қаласынан 50 км батысқа қарай өзімен аттас өзен жағасындағы Шідерті-3 көпқабатты тұрағы болып табылады. Бұл кешенді 1989 жылдан бастап Павлодар археологиялық экспедициясы

зерттеп келеді. Бірақ мұндағы зерттеулер жүйелі түрде жүргізілмей келді. Тек 2004 жылы қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында ғана ескерткіште жүйелі түрде жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік алынды. Тұрақтың 3-6 мәдени қабаттарынан, жалпы ауданы 240 шаршы метр алаңнан сан алуан заттар (тас құралдары, өндіріс қалдықтары, сүйектер, қыш ыдыстарының фрагменттері т.б.) аршып алынған [4].

Энеолит дәуіріне жататын ескерткіштер де мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша зерттелді. Солардың бірі де бірегейі – 1980 жылы ашылған Ботай қонысы. Бұл қоныс аумағы жағынан 15 га жерді алып жатыр. Маусымдық ізденістер барысында энеолит кезеңінде далалық шаруашылық-мәдени тип қалыптасқандығын айғақтайтын 300 мыңдай артефактілер, мал сүйектері табылған, 100 шақты баспана орындары ашылған. Табылған сүйектердің 99,9 пайызы жылқы малынікі екендігі анықталған. Қатарынан екі-үш жыл қазба жұмыстары жүргізілгеннен кейін-ақ ескерткіштің өзіндік бір қайталанбастығы анықталды. Мұның бәрі 1983 жылы В.Ф.Зайбертке жиыстырылған материалдар негізінде Ботай мәдениетін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Аталмыш бағдарлама арқасында ширек ғасырға жуық атқарылған археологиялық жұмыстар қорытындыланды. Болашақтағы ізденістер мен атқарылатын жұмыстар бағыты нақтыланды. Қазіргі таңда Ботай қонысы мемлекеттік ұлттық табиғи

«Көкшетау» саябағына енгізілген. Мұның өзі ескерткіш материалдарын қастерлеп ұстауға, көненің көзін келешек ұрпаққа жеткізуге мол мүмкіндік береді. Яғни, бұл 2004-2006 жж. арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының «елдің мәдени мұрасын қорғау және тиімді пайдалану» сынды негізгі мақсатына сай келеді. Мәдени қабаттарының ерте кезеңі энеолитке дейін баратын Тоқсанбай қонысында да бағдарлама аясында қазба жұмыстары жанданған. Бұл ескерткіш Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданындағы Тұрыш ауылынан солтүстік- шығысқа қарай 120 км жерде орналасқан. 1997 жылдан бері Археология институтының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі З.С. Самашев) зерттеді [5].

Сонымен қатар аталмыш бағдарлама негізінде атқарылған тағы басқа игі шараларды атап өтсек: жалпы – 230, оның ішінде 79 аталым кітап шығарылған. Айталық, 100 томдық «Бабалар сөзі» топтамасының бай ауыз әдебиетімізді жинақтауға мүмкіндік берген 50-ге жуық кітабы, әлем әдебиеті кітапханасының 10 томдығы, қазақ әдебиеті тарихының 10 томдығы, қазақ халқының барлық философиялық мұрасының 20 томы, сондай-ақ қазақ өнерінің тарихы, қазақ музыкасының антологиясы, «Әдеби жәдігерлер» сериясы бойынша т.б. шыққан кітаптар бар [6.260].

Осы құнды еңбектерді ақпараттық технологияны пайдалана отырып, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шығып жатқан еңбектердегі ұлттық мәдени құндылықтар туралы мәліметтерді жинап, жүйелеп, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп, дәстүрлі оқулық әдебиеттер мен мультимедиялық ресурстарға енгізуге болады. Сөйтіп ұлттық мәдени мұраларды білім мазмұнына енгізе отырып, осы салаларда біздің де ұрпақтарымыздың жаңа құндылықтар жасауына мүмкіндік тудыруға аға ұрпақ біздер міндеттіміз. Осы орайда да халқымыздың, төл тарихымыздың жазба деректері «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде алыс-жақын шет елдерде қалған ғылыми құнды мұралар елімізге әкелініп, зерделеніп, халқымызға ұсынылып отыр.

Мемлекеттік бағдарлама аясында жарияланған рухани игіліктерімізді атап өтсек, Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ, бірқатар Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-зерттеу экспедициялар ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз болып келген Қазақстанның тарихы, этнографиясы, өнері туралы бес мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдары табылған. Олардың көшірмелері елімізге жеткізілді.

2009 жылдың соңына таман 39 республикалық, 6 мыңға жуық облыстық мәдениет ұйымдары, яғни, 164 мұражай, 3763 кітапхана, 2320 клуб, 50 театр, 58 кинотеатр мен театр, 458 киноқондырғы, 4 зоопарк, 2 цирк, 28 демалыс саябағы жұмыс істеді. 2007–2010 жылдар аралығында мәдени мекемелер саны 203-ке көбейді. Айшықты жылдар бедерінде 10 драмалық, сазды-драмалық, қуыршақ театрлары, Астана, Шымкент қалаларында опера және

балет театрлары ашылды. Елімізде жыл өткен сайын мәдениет мекемелері көбейіп, оған келушілер қатарының арта түскені қуантады.

Мәселен, 2006 жылы елордадағы мұражайларды 260,5 мың адам тамашаласа, былтыр олардың саны 380,4 мыңға жеткен. Театрлар мен кинотеатрларды қызықтаушылар саны да едәуір өскен. 2004–2006 жылдары 35 архитектуралық ескерткіштер қалпына келтіріліп, 30 археологиялық және 17 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылды. Ежелгі және ортағасырлардағы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар (Қойлық, Талғар, Қараспан, Түркістан, Сауран, Сарайшық, Жанкент т.б.) жайлы мәліметтерді және Отырар мен Бозұқ қалаларынан табылған қазба жұмыстарының нәтижелерін және Ежелгі Тараз қаласының Алматы мен Жетісуда сақтар мен үйсіндердің орналасуына қатысты деректер туралы көптеген мәліметтер алынды.

Республикада тарихи және мәдени ескерткіштердің тізімі жасалып, 218 республикалық, 11,5 мың жергілікті маңызы бар нысандар мемлекет қорғауына алынды. Өткен жылы Мәдениет министрлігі «Қазақтың 1000 дәстүрлі күйлері», «Қазақтың 1000 дәстүрлі әндері» жобаларын жүзеге асырды. «Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алынғалы тарих, археология, этнография, мәдениет секілді сан алуан қатпарлы салаларды қамтитын 442 кітап бір миллион данамен жарық көрді. «Қазақфильм» киностудиясы қалпына келтірілген, жаңғыртылған тарихи, мәдени жәдігерлер жайлы 10 фильм қойды. «Ұлттық мұра» топтамасы аясында 20 кинофильм шығарылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жұмыс істеп жатқан көптеген ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің жұмыстары аз емес, бірақ орындалуы тиіс жұмыстар одан да көп.

Атап айтсақ, мәдени мұраны зерттеу мәселелерін: САқатай, М.Х. Балтабаев, А.Сейдімбек, С. Қасиманов, Б.К. Байжігітов, Н. Шаханова, Қ. Жарықбаев, С.К. Қалиев, А. Қалыбекова, К.Ж. Қожантаева, М. Мұқанов, Ә. Нысанбаев, Ұ.М. Әбдіғапарова, А.П.Сейтешев, С.А. Қанапова, Ш.Ә. Ақбаева және т.б. еңбектерінде көрсетілген. Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуді ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы мәдени мұрасын, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда. Ал Ш. Жұматаева, Е. Жұматаева,

І.Халитова, А.Құдиярова, Қ.Шалғынбаева, Р.Көшенова, А.Тұрсынова, Р.Үсенбаева, А.Елькеева т.б. ғалымдар жиырмасыншы ғасырдың басындағы жекелеген қазақ зиялыларының еңбектері туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олардың саяси- әлеуметтік іс-әрекеті мен шығармашылық мұраларын оқып үйрену бойынша ғылыми- зерттеу еңбектерінде қазақ зиялыларының тәлімдік көзқарасы сол кездегі заман талаптары мен ағымына қарай талданып, олардың еңбектерін қазіргі кезде пайдалану жолдарын қарастырған. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде, студенттердің дүниетанымдық құндылықтарын қалыптастыру арқылы оларды білімділікке ынталандырып, білім берудің сипатын арттыру мәселелері қойылған. Сонымен қатар білім берудің әрбір кезеңдеріне білім жүйелерінің жетілген жаңа үлгілерін енгізу міндеттелді. Оның ішінде, гуманитарлық тәрбие парадигмасына айрықша мән беріліп, мәдени мұра басылымдарын зерттеп, әдістемелік жүйе жасап шығаруға назар аударылды. Қазақтың әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Дулати, Қ.Жалаиридың, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ғ.Қарашев, Х.Досмұхамбетов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай сынды зиялыларының баға жетпес мұралары негізінде студенттерді тәрбиелеу қазақ халқының болашағын қалыптастырушы күш деп білеміз. Сол кезде әл-Фарабидің өшпес трактаттарын жазып, Ибн Синаның медицинаға арналған 12 томдық еңбегін тәмамдағандығы, ал Қожа Ахмет Ясауидің руханиятты шырқау биікке көтергендігі аян. Сол уақытта Орталық Азияның қалалық мәдениеті мен рухани-материалдық мәдениеті аса гүлденді. Халиф әл-Мамун Араб халифатының астанасы Бағдат қаласында Ғалымдар үйін ашып, көне грек ойшылдарының негізгі шығармаларын араб тіліне аудартқан. Бүгінде ежелгі және ортағасырлық дәуірдің бірегей артефактілеріне, яғни көне қолжазбалар мен жәдігерліктерге қол жеткізіліп, зерттелуде. Қазақ халқының басынан өткен

тарихи оқиғалардың сырын ашатын, бұрын-соңды кеңестік ғылым әлеміне бейтаныс болып келген жазба дереккөздері шет ел мұрағаттары мен қорларынан алынып, ғылыми айналымға енгізілу үстінде. Францияның, Германияның, Түркияның, Қытайдың, Ресейдің, Өзбекстан мен Ұлыбританияның және өзге де елдердің кітап қорларынан, мұрағаттарынан, кітапханаларынан, ғылыми орталықтарынан алынған қазақ халқының тарихы, философиясы, құқығы, мәдениеті, әдебиеті, өнері, халық ауыз әдебиеті мұраларынан түзілген, қорытылған энциклопедиялық еңбектер мен көптомдық академиялық еңбектер басылымға дайындалған.

Осы орайда жоғары оқу орындарының ұстаздары гуманитарлық білім берудің толыққанды қорын жасақтау жолындағы ірі ғылыми жетістіктерге қол жеткізілгендігін мойындай отырып, осынау игіліктер тікелей тұтынушыларға, студенттер мен аспиранттарға, магистранттарға жеткізу жайына алаңдаулы. Өйткені, күні кешегі кеңестік оқу жүйесі бағдарламасының жетегінде келе жатқан студенттер мен магистранттардың көп жағдайда ғылыми жетістіктер мен әлемдік деңгейдегі жаңалықтардан көшкелейін қалып отыратыны жасырын емес. Ол үшін белгілі бір ғылыми жаңалық, зерттеулердің нәтижелері сарапталып, бекітілгеннен соң жедел түрде тарих пен мәдениеттану саласындағы жаңа деректердің оқу құралдарына, білім бағдарламасына енгізудің тетіктерін реттеу қажет. Бұл, ең алдымен, тарих пәндеріне тікелей қатысты. Өйткені, соңғы жылдары отандық тарих ғылымында еліміздің өткенін дүниежүзілік тарихи құбылыстан тыс немесе тек қана ұлттың өз ішінде қарастыру секілді біржақты таныту бой көтере бастады. Өткен мен бүгінгі күнді және болашақты сабақтастырып, жалғап тұратын тарих ғылымы өткенді таразылауда жаза басса, бүгінгі тарихи-саяси және қоғамдық құбылысқа жаңсақ баға берілуі мүмкін. Ал ең қиыны, осындай ауытқушылықтың кесірі ұлт пен мемлекеттің болашағын, оның даму бағытын бұра тартып, әлемдік тарихтағы лайықты үлесіне залал келтіреді. Сондықтан дүниежүзінің әр түкпірінен табылған мол мұраны жүйелеп, ғылыми айналымға енгізу үшін тарих ғылымының мазмұнын көтеру керек.

Студенттердің интеллектуалдық білімін қалыптастыруда мәдени мұраларды да пайдалану мәселелері толық зерттелмегені, оқу-тәрбие үдерістерінде оның мүмкіндіктері жан-жақты қолданылмай отырғандығы, арнайы зерттеуге түспеген қырларының бар екендігін көрсетеді. Осыған орай «Мәдени мұра» бағдарламасы басылымдарының бүкіл халыққа, әсіресе студент жастарға, тарихи-мәдени құндылықтар мен ата-баба мұраларын, оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану арқылы олардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру бүгінгі таңда Қазақстан ғылымы мен білімінің алдында тұрған көкейкесті мәселе. Бұл міндеттерді шешудің алғышарттары соңғы кездегі дайындалған зерттеулерде қарастырылған. Осы ғылыми мұра аясында жасалынып жатқан іс-шаралар аз емес. Айтар болсақ, әдебиеттану, философия, тарих, мәдениеттану салалары бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар айтарлықтай. Ежелгі Шығыс, Грекия мен Рим тарихының еңбектерінің зерттеліп, қазақшаға аударылғандығы немесе Аристотель, Платон, Макиевели Вольтер, Руссо т.б. сынды дана-ойшылдарының еңбектері қазақ тіліне аударылып, философтардың «қазақша сөйлеуі» қазіргі жастардың гуманитарлық пәндер арқылы оқып үйренуі, болашақ жастарымыздың интеллектуалдық ой-өрісінің дамуына септігін тигізері сөзсіз. Міне осындай ғылыми іс-шаралар жастарымыздың мәдениетін әлемдік деңгейге көтеретін құрал. Осыған байланысты әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде реформалар жүріп жатыр. Осы реформаларға сәйкес жоғары мектептердің оқу үдерісіне мәдени мұра басылымдарын енгізу белсенді түрде қолға алынып отыр. Ол бүгінгі заман талаптарынан туындап, болашақ мамандардың даярлығын жетілдіруді көздейді. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында»: «Білім беру жүйесінің нарықтық экономика мен ашық азаматтық қоғам талаптарынан айқын артта қалушылық себептерінің бірі – мемлекет тарихын, мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтарын білуге негізделген жасөспірім ұрпақтардың мәдениетін және азаматтық ұқсастықтарын қалыптастырудың пәрменді тетіктерінің жеткіліксіздігі», – деп атап көрсетілген [7.23].

Өйткені, «Мәдени мұра» бағдарламасы басылымдарын жүйеленген білімді оқу- тәрбие үдерісіне енгізе отырып, білім кеңістігін қалыптастыруда таптырмайтын өзекті мәселенің бірі десек, қателеспейміз. Себебі, әрбір мәдени құбылыстар білімдік таным арқылы туындап отырады әрі мәдени құндылықтар білімнің деңгейін, ауқымын, мазмұндылығын анықтауға өлшем бола алады. Осы орайда, «Мәдени мұра» бағдарламасы басылымдары білімнің құндылығын арттырып, ЖОО студенттерінің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда септігін тигізеді.

Сол себепті де білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер еліміздің жас жеткіншегіне білім беріп, тәрбиелеу ісіндегі басым бағыттарын байқатады. Сөйтіп бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Бүгінгі оқыту үдерісінде әр сабақта жаңа идеялар негізінде жасалған жаңаша оқытудың тиімді жолдарын іздестіру мәселесі ең өзекті мәселенің бірі. Мұның өзі оқу-тәрбие үдерісін оқушының жеке қабілетіне қарай ұйымдастыру мәселесін жан-жақты зерттеуді қажет етеді [8, 273]. Ал келешек ұрпақтардың өнегелі мәдениеті мен азаматтық ұқсастықтарын қалыптастырамыз, тәлім-тәрбие беру жұмысын өркениетке сай жоғары дәрежедегі тұғырға қоямыз десек, мектептен кейінгі білім беру жүйесіне, әсіресе жоғары оқу ұйымдарына арналып жазылған, ұлттық мүдде тұрғысынан аса маңызды тәлім-тәрбиенің түп тамыры да, қайнар көзі де – ұлттық мәдени мұралар, яғни ұлттық мәдени құндылықтар туралы оқулық әдебиеттер мен мультимедиалық ресурстар жазылуы тиіс демекпіз [9, 73].

Сол себептен де мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мәселесінің мәні зор. Осы бағытты жүзеге асыруда оқу пәндеріне мәдени мұра материалдарының енгізілуі, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтардың қалыптасуына негіз бола алады.

2004 жылдан бүгінгі күнге дейін аталмыш бағдарлама негізінде мәдени құндылықтарымызды жаңғырту, зерттеу, оқыту, насихаттау барысында айтарлықтай ауқымды шаралар атқарылғандығы айқын. Бүгінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынуымен ұлттық тарихымызды зерделеудегі келесі маңызды қадам болып табылатын

«Тарих толқынындағы халық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері назарға алынып, дайындалу барысында қарқынды жұмыстар атқарылуда [10]. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының заңды жалғасы болып табылатын бұл бағдарламаның да рухани құндылықтар аясындағы жемісті қозғалыс болатынына кәміл сенеміз. Өйткені, тарихи-мәдени құндылықтар бүкіл адам баласының ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін және небір тамаша тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тарихи ұлы тұлғалардың халық үшін жасаған ерлігін баяндай отырып, білім алушылардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді. Нәтижесінде, білім алушы жастар – адамгершілігі жоғары, өз елін, Отанын сүйетін, саналы азамат болып қалыптасуына үлкен үлес қосары даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Мәдени мұра мемлекеттің соны стратегиялық ұстанымы // Егемен Қазақстан, 2007. 14 ақпан.
2. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 7-том. – Астана: Аударма, 2006. – 544 б.
3. ҚР ҰМ. 563-қ., 1-т., 1387-іс.
4. ҚР ҰМ. 563-қ., 1-т., 1466-іс.
5. ҚР ҰМ. 563-қ., 1-т., 1284-іс.
6. Құл-Мұхаммед М. «Мәдени мұра»: мақсаткерлік жұмыс мәйекті болмақ // Ақиқат, 2008. № 11. – Б.19-21.
7. Дүйсебек Ә.Т. Ұлттық мәдени мұраларды білім мазмұнына енгізудің кейбір өзекті мәселелері // «Ұлттық мәдени мұраларды білім мазмұнына енгізудің кейбір өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, 2009. – Б.23.
8. Аганина Қ.Ж., Тунгатарова Г.К. Мәдени мұра материалдары бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу құралы // Тарихи-мәдени мұраның өркениеттер диалогындағы рөлі;

Халық ғыл. теория. конф. мат. – Алматы: МСӨИ, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2009. – 273 б.

9. Аганина Қ.Ж., Байоразова А.Ж., Тунгатарова Г.Қ. Мәдени мұра бағдарламасы негізінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын жетілдіру // Тарихи-мәдени мұраның өркениеттер диалогындағы рөлі. Халықаралық ғыл. теория. конф. мат. – Алматы: МСӨИ, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2009. – 443б.

10. Ұлт болмысы – ұлттық тарихта // www.turkystan.kz/kz/articles/view/23676.

РЕЗЮМЕ

Каипбаева А. Т., к. и. н.

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

РЕЗУЛЬТАТЫ ПРОГРАММЫ «КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ» И ЕЕ РОЛЬ В РАЗВИТИИ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

В статье представлены письменные источники нашей истории полученные из архивных источников других государств в результате научно-исследовательских экспедиции, организованных в рамках государственной программы «Культурное наследие». А также рассматриваются роль культурно-исторического наследия, полученного при реализации вышеназванной программы, в развитии науки и образования.

Ключевые слова: историческое наследие, государственная программа, духовное благополучие, исторические памятники.

SUMMARY

*A.T. Kaipbayeva, candidate of historical sciences
(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

THE STATE PROGRAM'S RESULT AND ITS ROLE IN DEVELOPING SCIENCE AND KNOWLEDGE OF THE «CULTURAL HERITAGE»

The article presents the written sources of our history derived from archival sources other states as a result of research expedition organized under the state program «Cultural-historical Heritage». Also considers the role cultural-historical heritage, obtained in the implementation of the above program, the development of science and education.

Keywords: historical heritage, state program, spiritual well-being, historical monuments.

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

ӘОЖ 159.9 (574)

ОҚЫТУШЫ МЕН СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҚҚА БЕЙІМДЕЛУІ

*М.Қ. Бапаева, пс.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада педагогикалық үдерістің әртүрлі қатысушыларының арасындағы тұлғараалық қатынастар қарастырылып, студенттерді педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлаудың міндеттері жүйеленген. Сондай-ақ студенттің жеке тұлғалық

кабілеттерін дамыту парадигмасына сай болу үшін педагогтың бойында болуы тиіс сапалық қасиеттер де берілген.

Тірек сөздер: педагогикалық қарым-қатынас, коммуникативті ұстанымдар, кәсіби қарым-қатынас мәдениеті, педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлық.

Педагогикалық қарым-қатынас – білім беру үдерісінде тұлғаның қалыптасуы мен білім бердің меңгерілуін жанамалайтын педагог пен тәрбиеленушінің айрықша тұлғааралық өзара әрекеттестігі. Психологияда педагогикалық қарым-қатынас белгілер құралдарымен жүзеге асырылатын және серіктестердің күйлерін, жағдайларын, мінез-құлықтарын және тұлғалық-мағыналы құрылымдарын маңызды өзгерістеріне бағытталған педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттестігі ретінде анықталады. Қарым-қатынас – педагогикалық іс-әрекеттің ажырамас бөлігі; қарым-қатынастан тыс оқыту мен тәрбиенің мақсаттарын жүзеге асыру мүмкін емес. Психологиялық-педагогикалық әдебиетте педагогикалық қарым-қатынас әртүрлі сипатта қарастырылған. Мысалы, А.Н.Леонтьев педагогикалық қарым-қатынасы жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға, сондай-ақ оқушылар ұжымының ішінде педагог пен оқушының арасындағы оқу іс-әрекеті мен қатынастарын психологиялық оңтайландыруға бағытталған (толыққанды және оптималды болса) және нақты педагогикалық қызметтері бар оқытушының оқушылармен сабақ барысында және одан тыс (оқыту мен тәрбиелеудің барысында) кәсіби қарым-қатынасы ретінде анықтайды [1]. И.А.Зимняя педагогикалық қарым-қатынас оқудағы ынтымақтастықтың формасы ретінде оқушылардың тұлғасын дамыту және оқытуды оңтайландыру шарты ретіндегі қырына назар аударады [2].

Педагогикалық қарым-қатынас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың негізгі формасы. Оның өнімділігі ең алдымен педагогикалық үдерістің барлық субъектілерімен өздерінің дара мінез-құлықтарының императиві ретінде қабылдануы тиіс қарым-қатынастың мақсаттарымен және құндылықтарымен анықталады. Педагогикалық қарым-қатынастың сәйкес деңгейлерін ажыратуға болады.

Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі мақсаты – қоғамдық және кәсіби тәжірибені педагогтан оқушыға жеткізуде және зерттелінген объектілерге және тұтастай өмірге байланысты тұлғалық мағынамен алмасуда. Қарым-қатынаста педагогтардың және оқушылардың да даралығы қалыптасады [3]. Қарым-қатынастағы біліктілік тұлғааралық қарым-қатынас жағдайларындағы тұлғаның әлеуметтік ұстанымдары мен тәжірибесі арқылы жүзеге асырылған білімдерде, іскерліктерде, дағдыларда көрініс береді [4].

Отандық зерттеуші Н.С.Ахтаева өз зерттеулерінде оқытушының тұлғасын білім беру үдерісінің жетекші субъектісі ретінде қарастыра келе, жоғары оқу орнының болашақ оқытушысының кәсіби дамуының негізгі факторлары мен психологиялық шарттарын ашып, ЖОО оқытушысының негізгі проблемаларын нақтылап, оқытушы іс-әрекетінің арнайы түрлерінің мазмұнын, оның білім беру үдерісінің жетекші әрі басты субъектісі ретіндегі тұлғалық ерекшеліктерін қарастырған.

Педагогикалық мамандықты меңгерудің психологиялық тетіктері адамға тумысынан берілмейді, оның әлеуметтенуі мен мамандануының барысында қалыптасады. Әрбір механизм өзіндік ерекшелігімен басқа механизмдермен өзара әрекеттестікте қызмет етіп, әртүрлі көрініс беріп, мазмұнымен ерекшеленеді. Сол себепті болашақ педагог оларды шығармашылықпен жүзеге асыра алуы тиіс. Бұл бағыттағы нақты авторлардың еңбектері, ЖОО оқытушысының іс-әрекетіндегі жалпы және жеке механизмдер, әрбір тетіктің болашақ оқытушыны даярлау деңгейіне сәйкес қолданылуы қарастырылған.

Н.С. Ахтаева білім беру үдерісінің ізгілендірілуі – ЖОО оқытушысының тұлғалық-кәсіби дамуының өнімділігін арттырудың өзекті бағыты деп көрсете келе, білім беру үдерісін төмендегідей алты бағыт бойынша ізгілендіруге болатынын ашып көрсетеді:

- 1) жалпы жоғары мәдениетке қол жеткізу;
- 2) экономикалық ойлаудың қазіргі заманғы деңгейін тәрбиелеу;
- 3) саяси мәдениеттің қазіргі заманғы деңгейін дамыту;
- 4) құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы қалыптастыру;

5) психологиялық-педагогикалық мәдениетті қалыптастыру;

б) ғылым мен діннің интеграциясы.

Әрбір бағыттың мазмұнына сипаттама беріліп, олардың болашақ маманды кәсіби және психологиялық даярлаудағы мүмкіндіктері қарастырылған [5].

Педагогикалық үдерістің әртүрлі қатысушыларының арасындағы тұлғараалық қатынастар.

Қарым-қатынастағы серіктестердің ұстанымы. Педагогикалық қарым-қатынас үдерісінің нақты құрылымы болады. Ұстанымның негізінде өзара әрекеттесу оның жетекші құраушысы. Ұстаз оқушылармен, олардың ата-аналарымен, жұмыстағы қызметтестерімен, мектеп басшылығымен, халықтық білім беруді басқару қызметкерлерімен, өз отбасының мүшелерімен қарым-қатынаста, сондай-ақ қалыптасқан жағдайдың талаптарына қарай нақты коммуникативті ұстанымдарды қолданады, мысалы: «артықшылық» (А типі) ұстанымы, «тен» (Б типі) ұстаным, «бағынышты» (В типі) ұстаным.

А типіндегі ұстаным бойынша оқытушы қарым-қатынастың басым, белсенді субъектісі ретінде сипатталады. Ол бастамашылдық танытады, жағдайды қадағалайды, басқарады және жоспарлайды, өз мақсаттарын жүзеге асырады. Қарым-қатынастағы серіктесі қарым-қатынастың жетекші субъектісі ретінде оқытушыға тәуелді болады. Бұл тип «оқытушы – студент» өзара әрекеттестігіне тән.

Б типі бойынша өзара әрекеттестік тең дәрежелі серіктестердің арасында жүзеге асырылады. Екеуі бірдей бастамашылдық пен белсенділік танытып, бір-бірінің мақсаттары мен қызығушылықтарын ескеруге тырысады, өзара тәуелділік қатынасында болады. Бұл тип көбінде «оқытушы-оқытушы», «оқытушы-жолдасы» қарым-қатынастың барысында жүзеге асырылады. Үшінші Б типіндегі өзара әрекеттестікте оқытушы қарым-қатынастағы серіктесіне қатысты бағынышты ұстанымды иеленеді. Ол оның басшылықпен қатынасына тән. Оқытушы педагогикалық іс-әрекетті табысты орындауы үшін кіммен және қашан коммуникативті қатынасқа түсетініне қарай коммуникативті ұстанымдарды қолдана білуіне байланысты. Алайда шынайы өмірде ұстанымдары араласып, қарым-қатынас «ережелері» бұзылуы ықтимал.

Оқытушының қайсыбір ұстанымды табысты қолдануы көбінде оның тұлғалық қасиеттері мен ішкі ұстанымдарына байланысты болады. Олардың біреуінің басымдылығы ұстаздың сырттай мінез-құлқында сыртқы ұстанымдардың бірін қолдануына ұласады [6].

Студенттердің педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлаудың міндеттері:

- студенттердің «педагог» мамандығына деген дербес таңдауына лайықты қатынасын қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатына сәйкес педагог мамандығының беделін арттыруға ықпал ету [7];

- болашақ мамандардың өзін-өзі кәсіби дамытуға даярлықтарын дамыту;

- студенттердің өзін-өзі кәсіби тану және дамыту әдістемесі мен теориясы туралы біртұтас түсінігін қалыптастыруға ықпал ету;

- педагогикалық міндеттер мен жағдайларды шешудің тиімді жолын табу тәжірибесін қалыптастыру.

Осы міндеттер жүзеге асырылғаннан кейін студент төмендегідей біліктерді меңгеруі тиіс:

- мамандықтың негізін құраушы қағидаларды, құндылықтарды, артықшылықтарды;

- педагогикалық іс-әрекеттің құнды-мағыналы бастаулары;

- өзін-өзі кәсіби дамытудың негізгі заңдылықтары;

- педагогтың өзін-өзі кәсіби танудың және жоғары деңгейде дамытудың өзекті механизмдері мен жағдайлары;

- студенттердің өзін-өзі тану үдерісінде педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары;

- педагогикалық міндеттерді шығармашылықпен шешу;

- кәсіби біліктілікті жүйелі арттыру;
- педагогикалық қарым-қатынас жасауға икемделу;
- кәсіби қарым-қатынас мәдениетін [8].

Студенттердің педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлаудың қағидалары:

- *тұлғалық белсенділікке ынталандыру қағидасы.* Адамның жан дүниесінің дамуына жүгіну – білім берудің басты қағидасы болып табылады.

- «Зиян келтірме!» талабы ретінде анықталуы мүмкін *гуманизм және педагогикалық оптимизм қағидасы.* Тұлға өзіне тілектестікті, назарды, қамқорлықты талап етеді, сондықтан оқытушы оның жағымды негізіне, нәтижеге бағдарланып, маманның кәсіби сапаларының қалыптасуына ықпал етуі тиіс.

- *Психиканың, сананың және іс-әрекеттің даму қағидасы.* Тұлғаның барлық психикалық ерекшеліктері қалыптасу процесінде болғандықтан, дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекет дамудың негізгі шарты болып табылады деп тұжырымдайтын Л.С.Выготскийдің және оның мектебінің бағытымен негізделген. Сана – бұл жүйе, таным негізі. Ойлау тұлға санасының орталығында орналасқан, қалған барлық психикалық процестер санадағы басым қызметтің ықпалында дамиды;

- *Кешенділік, жүйелілік қағидасы* тұлғаның бірізді және біртұтас зерттелуіне бағдарланады. Оқыту тұлғаның жеке-дара өлшемдерінің дамуына ғана емес, сонымен қатар дамудың жалпы құрылымындағы тұтастай дамудың барысын болжауға да бағытталады;

- *Детерминизм қағидасы* тұлға психикасының барлық көріністерінің тұлғаның оңтайлы әлеуетін жүзеге асыру үшін жағымды жағдай жасай отырып, мінез-құлқын, іс-әрекетін түсіндіру үшін анықталуы және түсіндірілуі тиіс бірқатар себептермен өзара байланысқан және өзара міндеттелген;

- Л.С.Выготский негіздеген және Д.Б.Элькониннің, В.В.Давыдовтың және т.б. зерттеулерінде жалғасын тапқан *дамытпалы оқыту және тәрбиелеу қағидасы.* Жағдайдың мәні оқыту мен дамытудың арақатынасында анықталады. Оқыту дамудың алдында жүріп, жақын даму аймағына, яғни әрбір жас ерекшелік кезеңнің психологиялық жаңа құрылымдарын ескере келе, тұлғаның ертеңгі күніне бағдарлануы тиіс;

- *жеке-дара және тұлғалық тұрғы қағидасы* әр тұлғаның өзіне тән даму жолы болып, олардың әрқайсысы еркін де қайталанбайтын дамудың бір жолымен өтетіндігін тұжырымдауға мүмкіндік беретін психикалық дамудың жалпы онтогенетикалық заңының бар екендігін білдіреді. Ол Л.С.Выготский және оның мектебінің, К. Бюллер мектебінің, В. Штерннің, Ж. Пиаженің және т.б. зерттеулерімен дәлелденді;

- *тілектестік, өзара көмектесу және ынтымақтастық ахуалын құруға негізделген оңтайлылық қағидасы;*

- жоғарғы құндылықтар: мейірім, жан тазалығы, денсаулық, тұлғаның ішкі жан дүниесінің байлығы, өмір мәнінің арасындағы байланысты орнататын *руханилық қағидасы;*

- адамның қиын-қыстау жағдайлардың өзінде өзінің өмірлік ұстанымдарына және құнды бағдарларына берік болып, өмірлік стратегиясын сақтап қалу қабілетін сипаттайтын *тұлғаның біртұтастылығы қағидасы;*

- шығармашылық мүмкіндіктердің, өзін-өзі жетілдіру қабілеттерінің іске қосылуын алдын ала жоспарлайтын *тұлғаның дамуы мен өзіндік даму қағидасы;*

- *объективтілік және ғылымилық қағидасы* тұлғаның дербес заңдылықтарында кемелденген даму мүмкіндіктерін ашуды, даму психологиясы тұрғысында тұлға психикасының даму заңдылықтарын түсінуді болжайды;

Аталмыш ұстанымдар мәдени-тарихи дамудың тұжырымдамалы теорияларында, тұлғалық іс-әрекеттік тұрғыда, психиканың жүйелі түсінігінде, сана-сезімнің және тұтастай тұлғаның біртұтас дамуында сипатталады [9].

Студенттерді педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлаудағы оқытушының рөлі мен қызметі.

Жоғары оқу орындарында жүргізілетін оқытушының бойынан адекватты көзқарас пен ізгіліктілігі, дүниетаным кеңдігі, кәсіби шеберлік, тұлғааралық қатынастардың жоғары мәдениеті өзара бірлікте көрінуі тиіс. Мұнда оқытушының эмоциялық қолдау көрсетуі, зерттеуі, фасилитаторлық қызметтерді орындауы нәтижесінде студенттерді педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлаудың алғышарттары қалыптасады.

Оқытушының эмоциялық қолдау жасай білуі оның тек қана білімі мен тәжірибесінің молдығын дәлелдемейді, сонымен бірге оның әрбір студенттің өміріне, көзқарасына бей-жай қарай алмайтын ішкі жан дүниесінің байлығын да қажет етеді. Әрине, мұнда оқытушы дара болмысының көркіне ешқандай нұқсан келтірмейді. Ол жастардың өз қажеттіліктеріне деген құндылық бағдарларын тануға да мүдделік танытады. Студенттің жеке тұлғалық мәніне бағдарланған оқыту процесінде оқытушыдан өзін өте сыпайы ұстап, олардың кез келген сөзі мен әрекетіне түсіністікпен қарауға дайын болуды талап етеді. Әсіресе, студентпен қарым-қатынаста ең алдымен «эмоциялық көңіл-күймен алмасуына» баса назар аударғаны тиімді. Студенттің жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту парадигмасына сай болу үшін педагогтың бойында мынандай сапалық қасиеттер болуы шарт:

- эмпатия (өзгелердің сезімін түсіне білу);
- құрметтеу (өзгелерді конструктивті тұлға ретінде бағалай алу);
- шынайылық (өз сезімдерін ашық білдіре алу);
- қарым-қатынас әдебі.

Студентке көрсетілетін құрметтің педагог адамды бірегей тұлға, құндылық ретінде бағалау деңгейі айқын аңғарылатынын мойындау болып табылады. Мұндай жағдайда студент те өзін еркін ұстайды, өзінің дербес дара тұлға ретіндегі мәнін сезінеді. Студенттерді сыйламау (немесе теріс қатынаста болуына), студенттердің эмоцияларына, сезімдері мен ішкі толқынысына немқұрайды қарау оқытушыға мүлде жат қасиеттер. Студенттердің әрекетіне, сөзіне, қылығына жағымды немесе жағымсыз қарым-қатынасын білдіруде педагог барынша адал да табиғи болуы қажет. Жағымсыз қатынасын білдіруде оқытушы әдептіліктің шегінен шықпай, өз пікірін мүмкіндігінше студенттің жанын жаралап алмайтындай сөздермен жеткізгені абзал [10].

Фасилитаторлық қызмет оқытушының эмпатиясы мен шынайылығына негізделген, студенттер тарапынан жағымды қабылданған «оқытушы – студент» қатынасының сапасынан айқын көрінеді. «Фасилитация» және «фасилитатор» ұғымдары (ағылшын тілінен аударғанда жеңілдету, көмектесу, қолдау деген мағынаны білдіреді) педагогикаға гуманистік психологиядан келген. К.Роджерстің айтуынша «оқушыны қабылдай алу – бұл оған белсенді түрде сенім білдіру мен оның адами мүмкіндіктеріне үміт арту» [11]. Эмпатиялық түсінік оқытушының студент әрекетіндегі реакцияны байқау, түсіну, сезіну қабілеті мен оқудың әрбір білім алушы үшін маңызын бағалауынан тұрады.

Жоғары білім беретін мектепте жүзеге асырыла бастаған оқытудың педагогикалық парадигмасы негізінде осындай педагогикалық ұғым пайда болды. Бұл процесте педагогтің басты міндеті – студентке жалаң білім берумен шектелмей, ең алдымен, оның білімді өздігінен меңгеруіне, оның жеке тұлғалық қабілеттерінің дамуына, педагогикалық қарым-қатынастың тетіктерін игерудің қажетті алғышарттарын қалыптастыру.

Педагогтың сараптау (кеңес беру) қызметі студенттің білімді де білікті, кәсіби шеберлігі шындалған шынайы ұстазға деген қажеттігінен туындайды. Шынын айтқанда, жоғарыда аталған талаптарға кез келген оқытушының сай келе бермейтіні анық. Ондай оқытушы дәрежесіне көтерілу үшін педагогке базалық гуманитарлық білімге қоса, өзін-өзі жетілдіруге деген құлшыныс, шығармашылық ізденістер, рефлексияға бейімділік, суырып салмалық пен тапқырлық қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. В 2-х т.под. ред. В.В.Давыдова и др.– М.: Педагогика, 1983.– 318 с.
2. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Лотос. 1999. – 312 с.

3. Садохин А.П. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М., 2004.
4. Лобанов А.А. Основы профессионально-педагогического общения.–М., 2002.
5. Ахтаева Н.С. Системно-психологическая подготовка преподавателя вуза. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 238 с.
6. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987.
7. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы. – Астана, Акорда, от 7 декабря 2010 года, указ № 1118.
8. Брудный А.А. Понимание и общение. – М., 1989.
9. Бикеева А. Настольная книга школьного учителя. Испытание школой: ребенок и учитель//Серия «Учение с увлечением». – Ростов н/Д: Феникс, 2003.
10. Елканов С. Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. – М., 1989.
11. Роджерс К. Взгляд на психотерапию, становление человека. – М., 1994.

РЕЗЮМЕ

Бапаева М.К., к.п.н., доцент

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

АДАПТАЦИЯ К ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБЩЕНИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ И СТУДЕНТОВ

В статье рассмотрены межличностные отношения участников педагогического процесса и систематизированы задачи психологической подготовки студентов к педагогическому общению. Вместе с тем, даны значимые качества необходимые педагогу для соответствия парадигме развития личностных способностей.

Ключевые слова: педагогическое общение, коммуникационные позиции, культура профессионального общения, психологическая готовность к педагогическому общению.

SUMMARY

*M.K. Bapayeva, candidate of psychological sciences, associate professor
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

ADAPTATION TO PSYCHOLOGICAL PREPARATION OF PEDAGOGICAL COMMUNICATION OF TEACHERS AND STUDENTS

In the article the interpersonal relations of participants of educational process and organizing the task of psychological preparation of students to teacher communication. However, given the significant quality of the teacher to fit the paradigm of the development of personal skills.

Keywords: pedagogical communication, communication of position, the culture of professional communication, psychological readiness to pedagogical communication.

ӘОЖ 37.8

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Т.И. Кокумбаева, п.ғ.к., доцент

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Бұл мақалада қыз баланың тәлім-тәрбиесі, қоғамдағы орны, сана-сезімі, мәдениеті баяндалады. Қыз баланың тәрбиесі – ұлт тәрбиесі екендігі басты қағида болып

есептеледі. Бұл тақырыптың мақсаты – «Қыз баланы тәрбиелей отырып – ұлтты тәрбиелейміз» деген қағиданың дұрыстығына көз жеткізу. Ең басты мақсат – жас ұрпақты жаңа дәуір, жаңарған заман талабына сай етіп тәрбиелеу.

Түйін сөздер: қыз бала, тәлім-тәрбие, ұрпақ, ұлт, халықтық педагогика, ата-ана.

Халықтың болашағы – ұрпағы. Ұрпақтың дінгегі – тәрбиесі. Ал ұлттың негізіне, қасиеттеріне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, ұлттық құндылықтарға сай тәрбие көрмеген ұрпақ келешекте халқына, еліне тұтқа бола алмайды деп ойлаймын. Сондықтан да қазіргі уақытта көптеген адамдарды ең алдымен жастар мәселесі толғандырады. Өйткені көшеде, қоғамдық орындарда түрлі былапыт сөздермен өздерін жиіркенішті етіп көрсетіп жүрген кімдер? Жастар! Әрине, «көпке күл шашпау» да қажет. Бүгінгі жастар арасында талапты, дарынды, мәдениетті қыз бен жігіттер де жетерлік. Алайда кейде адамдардың көп шоғырланған жерлері – аялдамалар, базарлар, қоғамдық орындардағы жастардың әдепсіз әрекет-қылықтарын көріп шошисың. Ішкі жан дүниесінің байлығын былай қойғанда, тәндері сау емес, арақ пен темекінің түтініне тұншығып, нашакорлыққа салынып, уланып жүрген жастар бүгінгі күнде жетерлік. Әсіресе, олардың арасында өзіміздің қаракөз сұлу қыздарымызды көргенде, ертең ол қандай ана болар екен, осы өмірге қандай ұрпақ әкелер екен деген сияқты ойлар көкіректі мазалайды. Бұл қыздарды кейбір кезде бағаламағанымыз ба әлде жөнді тәрбие берілмегендіктің әсерінен бе, белгісіз. Дүниеге ұрпақ әкелетін әйел, сол ұрпағының аман-есен, басқалардан кем қалмай өсуіне жауапкершілікті де табиғи түрде өз мойнына алады.

Кейінгі ұрпақтың аш-жалаңаш қалмай өсуі, ата-бабасынан қалған өнегені ұмытпауы, жаманнан қашық, жақсыға асық болуға бейімделуі үйде қалған әйелдің міндетіне кіреді. Әйел әрқашан күліп, жадырап жүріп, шырақ тәрізді үй ішіне, отбасы мүшелеріне нұрын шашып, жылытып, шуақтандырады. «Ұлттың ұйытқысы – қыздары» деп Мұзафар Әлімбаев ағамыз айтпап па еді?

Қызды о бастан өзінің болашақ міндетіне лайықты тәрбиелеу – ата-ананың, әсіресе ананың үлкен парызы. Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, отбасы ұйытқысы деп түсінген халқымыз оның еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі болып өсуіне ерекше мән берген. Оларға үй сыпыру, төсек жинау, ас пісіру, шай құю, кесте тігу, тон пішу, өрмек тоқу, ою-өрнек сияқты отбасының ішкі жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған. Қол өнеріне икемі жоқ қыздарды: «Өз үйінде ою оймаған – кісі үйінде сызу сызар» деп келеке еткен, тіпті шай құю мен төсек жинаудың өзі үлкен сын болған, ақындардың өлеңдерінде кездесетін «қыздың жиған жүгіндей» деген теңеулер текке айтылмаған. Қазақ халқы, әсіресе, қыз баланың сырт сұлулығына ерекше көңіл бөлген, шаштарын айранмен, қынамен жуғызған, қос бұрым етіп өргізген. Шашбау, шолпы таққызған. «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» деп қыздың киім киісіне де көп көңіл бөлген. Оларға арнап бүрмелі көйлек, қынама бел қамзол, құндыз бөрік, үкілі тақия тіккізген. Ертегілерде, жырларда сұлуларды сипаттау арқылы оларға еліктеуге шақырған.

Ерте кезде «Қыз – елдің көркі» деп әспеттеген халық, өсіп келе жатқан қыз балаға бүкіл ауылмен жауапты болған. «Қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыны білдіреді. Ұрсып, кіналап емес, теріс ісін ескертіп, «кішіпейіл бол», «үлкен кісінің алдын кесіп өтпе», «инабатты бол» деген сияқты т.б. нақыл сөздер айтып, жақсыға қарай жетектеп, бағыттау тұрғысында тәрбиелеген. Ол пәленшенің, түгеншенің қызы емес, біздің ауылдың қызы деген қисынмен әрбір үлкен адам қыз баланың қатесін байқаса, ескерту, сақтандыру парызым деп есептеген.

Ата-аналары қызы болса, өз қатарымен құдандалы болып, өрісін кеңейтуді армандаған. Сол қыздың өсіп, қалыңдық болатын кезеңдегі керек-жарағын бала кезінен бастап жинаған.

Ауылдағы абысын-ажын, жас жеңгелер бойжеткенге лайық нәрсесі болса, «мынау қыздың сандығына салуға, жасауына қосуға» деп жинай берген. Бұл қазіргідей көшенің басынан аяғына дейін дүкен, қала толған базар заманы емес, ауыл-ауылдың арасы атшаптырым кезеңде қалыптасқан дәстүр. «Елдің баласы», «ауылдың адамы», «қауымның азаматы» деген қағидамен өмір сүрген заман болатын.

Қыз баланың негізгі миссиясы – болашақ ұрпақты жалғастыру міндетін ешкім, ешқандай қоғам өзгерте алмайды. Қазір ол міндет тіпті жауапты әрі күрделі. Өйткені қазіргі информациялық тоғысуда ұлттың өз ерекшелігін сақтап қалу үшін үлкен көрегендік, терең білім, күшті ерік-жігер керек. Осы қасиеттердің бәрі алдымен қыздарға керек. Сондықтан да қызы бар үйдің әркімде назы бар: мұғалім тиянақты білім беруге, үлкендер байсалды ақылын айтуға, ісмерлер өлмейтін өнерін үйретуге міндетті. Себебі, бүгінгі қыздар кешегі қару алып, жауға шапқан, қамшы алып мал баққан, небір қайғы-қасіретке душар болған елдің еңсесін көтеріп, бүгінге жеткізген аналардың ұрпағы. Ол аналарымыз халықтық педагогикадан сусындаған. Олар халқымыздың небір «ақ жүрген азбас», «ұлың өссе – ұлы жақсымен, қызың өссе – қызы жақсымен ауылдас бол», «әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез тағы жат – надандықтың белгісі», «еңбек – адамның екінші анасы» деген сияқты көптеген мақал-мәтелдерімен, нақыл, даналық сөздерімен өсіп тәрбиеленді. Сонымен қатар ертеден келе жатқан батырлар жырлары, лиро-эпостық жырлар ер балаларды ғана емес, қыздарды сезімталдыққа, сұлулыққа тәрбиелеумен қатар батырлыққа да тәрбиелеген. Сол кезде топ жарып, үлкен қауымның алдында ақылдылығымен, парасаттылығымен танылып, түйдек-түйдегімен айтылған шешен сөздерімен халықты тамсандырған қыздар да болған.

Біздің ойымызша, қазіргі уақытта да қыз баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеудің маңызы орасан зор. Өйткені, қазіргі кезде жалпы жастардың арманы еңбек етпей табыс табуға, тезірек баюға құмартып, арзан тірлікке жармасып кеткен. Сондықтан да болар қылмыс жасап, әртүрлі жағдайларға душар болып, жезөкшелік пен нашақорлыққа салынып, арзан еңбекпен үлкен ақша түсіргісі келетіндер бар. Ал ертеде ата-бабаларымыз балаларды ең алдымен қолөнерге, аянбай еңбек етуге тәрбиелеген. Бүгінгідей алмағайып заманда қазақ жастары, ұлдары мен қыздары неше түрлі келеңсіз көріністерге белең алдырып, құнсыз байлық пен құлқынның, «қолдың кірі» – ақшаның құлы болып бара жатыр. Осыдан сақтану керек. Қыздың бойындағы ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойына сіңеді. Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемеу, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс-аяқ сылдыратпау, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, үлкендерден жоғары отырмау, тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл-қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән беріледі.

Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемеу, ізетті болу, ер-тұрманы әшекейленген сұлу жорғаларды қыздарына, қарындастарына мінгізу, киімнің әсем сәндерін, әшекейлі бұйымдардың жақсысын қыздарына арнау – ежелгі дәстүр. Жиын-тойларда қыз баланы әр уақытта сыйлы орынға отырғызған. Қыз намысы дегеніміз – ең алдымен, өзін-өзі сыйлай білетін, өз көзқарасынан, ойынан адалдықты көрсетіп, өзін-өзі қорлайтын ымыра мен келісімді қабыл алмайтын терең сезім.

Қыздың намысы мен ары, адамгершілігі оның оқуға, қоғамдық пайдалы істерге, отбасына, құрбы-құрдастары мен ұжымға қарым-қатынасына байланысты. Әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.

Қыз баланың бойына сыпайылық, мейірбандық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дарытуды халқымыз өте ежелден қолға алған. Сондықтан қазақ қызы өзіне өмірлік жолдас, жар таңдауда ерекше жауапкершілікпен, сақтық, ұстамдылықпен қарап, оның маңызын санасымен аңғарып, жүрегімен түйсінген. Бұл істе ұшқалақтыққа, орынсыз тәуекелге жол беруді өмірлік қауіп санаған.

Иә, қазақ қызы сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы болуы тиіс. Оның жүзі шырайлы, өзі ұяң әрі тәні нәзік келеді. Сондай-ақ сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп-күймейтін келбеттілік, істесе үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын көріктілік, байыппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын

әдемілік, дене бітісі жинақы, сөзі салмақы, ісі тиянақты, ажарлы, көз жанары өткір, бет әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр, шырайлылық қазақ қыздарына тән қасиеттер.

«Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, қыз балалар осындай қасиеттерді меңгеруге талпынуы керек-ақ.

Өкінішке орай, әдепсіз қыз, мейірімсіз шешелер де аз емес, бұл етек жайған құбылыс болып барады. Әйелдің ең үлкен қаруы – инабаттылығы мен нәзіктігінің азаюы ер адамның ірілігінің, мінез-құлықтың кесектігінің кемуіне әкеліп соқты. Арамызда өсекке әуес, қылжақбас, мақтаншақ, жігерсіз, дәрменсіз, күйкі тіршілікпен күн кешетін еркектер аз емес. Өзінің ар-намысын сыйламаған адам ұлт намысын қайтсін?! Өз халқының салт-дәстүрін бағаламаған, түсінбеген адам қайтіп мәдениетті, тәртіпті, ілтипатты, бауырмал болсын. Осы орайда айта кетерлік мәселе – жоғарыда айтылғандарды біздің қыз балаларымыз ескерсе екен деймін.

Қазіргі кезде біздің елімізде жетім балалар үйлері көбеюде. Ол балалардың басым көпшілігі қаракөз қазақ балалары. Олардан бас тартып, тастап кетіп жатқандар да қазақтың жас қыздары. Әрине, олар жастықтың қызуымен өз қателерін дер кезінде түсінбей, артынан біраз жылдар өткен соң опық жеулері мүмкін. Бұндай қателік болмас үшін қыз балаларды қазақтың «ақ босаға», «ақ бесік», «ақ шымылдык» деген сөздерінің мағыналарымен таныстыру керек. Бұл жұмыстарды мұғалімдер ата-аналармен бірлесіп отырып орындағаны тиімді.

Қыз бала елдің көркі болуы үшін әрбір ел, ауыл, ата-ана – бәрі жауапты. Себебі, елдің ертеңгі қасиетіне жеткізетін қыздар.

Қазіргі қыздардың жай-күйі бізді әрқашан толғандыру керек. Себебі, бүгінгі күні ол мәселені уысымыздан шығарып алсақ, ертеңгі күні ұлт тағдыры не болмақ? Осы жайлы ойлану керек. Әйелдің еріне қарым-қатынасы баланың әкеге деген көзқарасын анықтайтыны берік есте болуы тиісті. Бұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастауы екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі, аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады.

Қорытындылай келе, білімпаз Ризаудин Ибн Фахруддиннің «Әйелдері тәрбиелі болған халық – тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық – тәрбиесіз», «Әйелдері үнемшіл, пысық, жігерлі, талантты болса, халық – бай, ал жалқау, салақ немесе ысырапшыл болса, халық – тақыр кедей болады» деп айтқанын қолдай отырып, халқымыздың болашағы қыз балалардың тәрбиесімен өте тығыз байланысты екенін айтқымыз келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қожахметова К.Ж. Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі біртұтас //Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, 2005, №1. – Б. 68-73.
2. Қызы бар үйдің назы бар // «Ақ желкен», 2004, №2. – Б. 20.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.
4. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Әл-Фараби, 1995.
5. Байжанова Ж. Семья бақыты. – Алматы: Қайнар, 1989.

РЕЗЮМЕ

Кокумбаева Т.И., к.п.н., доцент

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ДЕВОЧЕК В НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКЕ

В данной статье рассматривается культура и воспитание девочек. Воспитание девочек – это главный приоритет воспитания казахской нации.

Ключевые слова: девушка, воспитание, поколение, нация, народная педагогика, родители.

SUMMARY

*T.I. Kokumbaeva, candidate of pedagogical sciences, associate professor
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

ESPECIALLY THE EDUCATION OF GIRLS IN FOLK PEDAGOGY

In this article examined about a culture, about education of girls. Education of children girls is main priority of education of nation.

Keywords: girl, education, generation, nation, people's education, parents.

ӘОЖ 157.7 (554)

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫЛАРДЫҢ ҚИЯЛ ҮРДІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

*М.Б. Уақасова, п.ғ.магистрі;
Т.Е. Берсугирова, п.ғ.магистрі
(Алматы қ. Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада кіші мектеп жасындағы оқушылардың қиял ерекшеліктері теориялық тұрғыда қарастырылып, әдістемелермен зерттелген. Қиялға бай адам әлемде ешқандай жанның қолынан келмейтін кез келген уақыт кеңістігінде өмір сүре алады. Ендеше, бүгінгі ұрпақ өсіріп отырған қоғамның ілгері басуы қиялдың дамуына тікелей тәуелді. Сондықтан да дамытудың әдістері мен тәсілдері қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Түйін сөздер: қиял, фантазия, абстракция, иррадиация, концентрация, оқу, ойын, іс-әрекет, үрдіс, шоғырлану, әдіс.

Қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушылары қиялының дамуы баланың мүмкіндіктерін шектейтін, оларды шаблондармен ойлауына итермелейтін теледидарлардың, компьютерлік ойындар мен жарнамалардың ықпалы өте күшті болып отырғаны барлығымызға белгілі. Қазіргі заман баласына ерекше назарды аудартатындай және таңғажайып құбылыстарды елестеткізу қиынға соғады. Қиялдайтын кейіпкерлерін олар теледидар экранынан көшіріп алады.

Көптеген психологтардың пікірінше, қиялдың нәтижесінде адам өз іс-әрекетін ақылмен жоспарлап, оны басқара алады. Осы уақытқа дейінгі адамзаттың қалауымен жасалған материалдық және рухани мәдениеті оның қиял дамуындағы өнімінің нәтижесі болып табылады. Қиял ғана адамды қас қағым сәттік өмірді көріп, болжауына жетелеп, өткен өмір жайлы ойларды қозғап, болашақты айқара ашып береді. Қиялға бай адам әлемде ешқандай жанның қолынан келмейтін кез келген уақыт кеңістігінде өмір сүре алады. Ендеше, бүгінгі ұрпақ өсіріп отырған қоғамның ілгері басуы қиялдың дамуына тікелей тәуелді. Сондықтанда дамытудың әдістері мен тәсілдері қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Дегенмен қиялдың ашылмаған құпиялары өте көп. Қиял процесін зерттеуге барлық атақты ғалымдар, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Д.С.Брунер, Р.Солсо, Н.Ульрих, Р.Г.Натадзе, А.Р.Лурия т.б. өз үлестерін қосып отыр. Соған қарамастан қиялдың жүйке жүйесіндегі органикалық құрылысының ерекшелігі мен орналасуы, оның шоғырлануы мен ыдырауы және басқа құбылыстарының жүру механизмі ашылмаған, қиялдың анатомиялық-физиологиялық негіздері беймәлім мәселе болып отыр. Қиялдың жаратылыстық-физиологиялық негізі – мидағы оңашаланған орталықтар емес, мидың үлкен жарты шарларының қабығымен байланысты. Адамның қиялдау әрекетіне козу мен тежелудің

іздік процестері, иррадиация мен концентрация, оң және теріс индукциялар, талдағыштардың ми бөлігіндегі талдау мен біріктіру қатысып отырады. Сөйтіп, көптеген жүйке процестерінің түйісуі нәтижесінде адамның нақты қабылдауында бұрын болмаған жаңа образдар мен елестер туады деген болжамды А.Р.Лурия жасаған.

Кіші мектеп жасындағы балалардың таным процестерінің және оның ішінде қиялдың даму ерекшеліктерін С.Л.Рубинштейн, Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Л.Ф.Обухова, Қ.Жарықбаев т.б. көптеген психологтар еңбектерінде талдаған. Олар қиял процесін өте күрделі таным процестеріне жатқызған. Өйткені қиял арқылы адам бұрын өзі көріп білмеген нәрселерінің бейнесін көз алдына елестетіп, олардан жаңа бейне жасайды. Немесе бұрынғы қабылданған, жиналған бейнелерге сүйене отырып, өз басында тың, соны, жаңа елестер мен идеялар тудырады. Осындай жаңа бейнелер мен идеяларды қиял деп атайды. Сонымен, қиял дегеніміз – бізді қоршаған сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жаңа қасиеттермен толықтырылып жаңғыртылудан, оларды өңдеп бейнелеуден тұратын, тек адамға ғана тән психикалық процесс.

Қиялмен өте тығыз байланыста жүретін таным процестері ойлау мен сөйлеу. Ойлаудың негізгі қызметі – заттар мен құбылыстардың мәнін, олардың арасындағы заңды байланыстарды тану. Естің негізгі қызметі – бұрынғы тәжірибені сақтау. Ойлау – объективтік болмысты мида жалпылап жанама түрде бейнелеу болса, қиял осы бейнелеудің ақиқаттағы нәрселерді одан әрі құлпыртып, жаңа қасиеттермен толықтырып бейнелеу болады. Қиялдың мәні – адамның тәжірибесін ойдан өткізіп, оны неше түрлі жаңа қасиеттермен толықтыру арқылы құлпыртып қайта құруда. Б.М.Теплов ойлауды адамның саналы сезінуіне және іс-әрекетіне байланысты туатындығын, бірақ онымен шектелмейтіндігін дәлелдеген. Л.С.Коршунованың айтуынша қиял осы ойдағы болмыстың бейнеленуін шығармашылықпен өзгеруге бағытталған. Ойлау мен қиял тілмен байланысты жүретін процестер. Тілге сүйене отырып ой арқылы адам ақиқат болмысты талдап, жалпылап, жаңалықты іздейді.

Қиялдың барлық басқа таным процестерінен айырмашылығы, ол адамның идеяларын, шығармашылық қабілетін, заттар мен құбылыстардан абстракциялануын көрсетеді. Қиял арқылы адамның бейнелеген нәрселері ақиқатқа сай келмесе немесе ақиқаттағы нәрселерді басқаша етіп бейнелесе, оны фантазия деп атайды. Егер осы шығармашылық бейнелеу болашаққа бағытталған болса, оны арман деп атайды.

Адам бұрын өзі көріп білмеген нәрселерінің бейнесін көз алдына елестетіп, олардан жаңа бейне жасайды. Немесе бұрынғы қабылданған, жиналған бейнелерге сүйене отырып, өз басында тың, соны, жаңа елестер мен идеялар тудырады. Осындай жаңа, соны бейнелер мен идеялар қиял деп аталады. Қиял – тек адамға ғана тән, соған меншікті психикалық процесс. Жануарлар дүниесінде мұндай функция болмайды. Өйткені, қиял – адамның еңбек әрекетімен дамиды психикалық қызмет. Ол басқа да психикалық процестердің түрлері сияқты шындықты бейнелеп, болмыстағы оқиғалармен бірлікте пайда болып отырады. Қиял арқылы пайда болып отыратын жаңа бейнелер адамның білім қорына, нақты образдарға, тұрақты елестерге негізделеді. Адамның әркілі психикалық әрекеттерінде бір ғана процестің дараланып жеке кездесуі мүмкін емес. Ондай процестер бір бағытпен, арнамен өзара ұштасып, араласып жатады. Солардың ішінен адам әрекетінде бір-екеуі жетекшілік қызмет атқарады. Сонымен, қиял дегеніміз – бізді қоршаған сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың образдарын жаңғыртып, оларды өңдеп бейнелеуден тұратын, тек адамға ғана тән психикалық процесс.

Адам қиялына меншікті бірсыпыра ерекшеліктерді Р.Г.Натадзе мынадай етіп топтастырып көрсеткен:

а) Әрбір адамның қиялы оның жеке басының қызығуы мен ерекшелігіне, алдына қойған мақсат-мүддесіне байланысты болып отырады. Мысалы, жаңадан машина жасауды ойластырып жүрген инженердің белгілі тетіктерді жетілдіру үшін оларды жасап шығарудың әдіс-тәсілдерін қарастыруын, емтихан тапсырайын деп жүрген студенттің іс-әрекетін, шөл

далада сусап келе жатқан жолаушының қиялын салыстыра отырып, олардың әрқайсысының мүдде-мақсатын айқындауға болады.

ә) Қиялдың мазмұн-мәнісі, түр-сипаты адамның жас ерекшелігіне, білім дәрежесі мен өмір тәжірибесіне, дара басының ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, өмір тіршілігінде көріп-білгені мен көкейге түйгені көп білімдар адамның қиялы мен жеткіншек жастың қиялын бір мөлшермен салыстырып қарауға болмайды.

б) Қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен тығыз ұштасып жатады. Мысалы, мақсат еткен мүдделі ісін жүзеге асыру үшін адам оның әртүрлі жолдарын іздестіреді. Бұл қиялмен тығыз байланысты. Адамның ерік-жігері, қайраты оның жоспарлаған мүдделі ісін жүзеге асыруынан көрінеді. Қиялда ойлау процесі ерекше орын алады. Осы ретте, кеңес психологі А.В.Брушлинский қиялды ойлаудың ерекше бір түрі деп санайды. Бұл пікірді қостаушылар қазіргі уақытта да кездесіп жүр. Өйткені, ойлау белсенділігі адамды шығармашылық істер мен әрқилы әрекеттерге жетелейді. Физиолог И.М.Сеченовтың қиялға байланысты пікіріне сүйенсек, адамның басына оның есінде орын тепкен элементтерден құралмаған бірде-бір ойдың келуі мүмкін емес. Ол тіпті ғылыми табыстарға негіз болатын жаңа ойлардың өзін бұл ережеден шығарып тастауға болмайды деген пікір айтқан еді.

в) Адамның қиялы еңбек процесінде іс-әрекет үстінде дамып отырады. Мұндағы шарттар: саналы мақсат, болашақты болжай білу, оны өңдеп елестете алу. Адам қиялына тән мұндай қасиеттер оның психикасын жануарлар психикасынан өзгешелеп тұрады.

Оқу мен ойын әрекеті бала қиялын тәрбиелеп, дамытуда күшті рөл атқарады. Сондай-ақ, ол балалардың табиғи белсенділігін, қозғалғыштығын, дара психикалық процестерін де дамыта түседі. Мысалы, құрылыс ойындары, теміржол салу, үй тұрғызу, зауыт-фабрикалар орнату т.б.

Балалардың қиялын дамытудағы әрекет – сурет салу. Сурет салуда олар түрлі елестерінен есте қалғандарын сыртқа өздерінше шығарады. Мектеп жасындағы балалар қиялының жүйелі дамуы ғылым негіздерін меңгеруімен байланысты жүреді. Олар өз қиялының өнімін енді сын елегінен өткізіп, шындыққа жақын бейнелер жасауға ұмтылады.

Адам қиялсыз өмір сүре алмайды, қиял шындық болмыспен ұштасып, адамды жаңа істерге меңгерілмеген нәрселерді игеріп, ғылым мен техникадағы, өнер мен көркем әдебиеттегі жаңа белестерге жетуге жол ашып, ынталандырып отырады. Өйткені адамның ақыл-ойы тынымсыз қызмет атқару үстінде болып, адам ешқандай жаңа мәлімет алмаған кезінде қиял өз қызметін белсенді атқарып, бұрынғы тәжірибеде болған нәрселерді өңдеу өз жалғасын таба береді.

Қиялдың даралық ерекшеліктері адамның танып білуінің сапалық сипаттары мен ерекшеліктерін қамтитын ақыл-ойдың қызметі болып саналады. Ондай салаларға өз бетінше қиял, оның оралымдылығы, ойдың тездігі мен ұшқырлығы сияқты қасиеттер жатады. Барлық қиял әрекетіне тән басты қасиет – дара адамның әрбір нәрсенің мәнді қасиеттерін өздігінен ажыратып, олардан жаңа қорытындылар жасай білуі. Қиял әрекетіндегі адамның мұндай сапалық қасиеті – нәрселердің мән-жайын дұрыс ұғынып, олардың жалпы заңдылықтары мен өзара байланысын ашып беруге қабілетті болатындығы. Мұндай әрекет қиял жүйесін жетілдіріп, адамның ақыл-ойын өрістетеді. Адам қиялының дамуына ықпал етудегі бір мақсат – қиял әрекетінің жасампаздық қасиетін арттыру, сөйтіп адам ойының мүмкіндіктерін толық пайдалануды жүзеге асыру болып табылады. Психиканың көптеген басқа көріністері тәрізді қиял біртіндеп дамып, психофизиологиялық механизмі жағынан да, көрініс формалары жағынан да өзгерістерге түсті. Қиялдың дамуы адамның қажеттіліктерінің дамуымен тығыз байланыста болып отырды. Материалдық және рухани қажеттіліктердің жаңаларының пайда болуы және бұрыннан барының дамуы адамды белсендірек қызмет етуге итермеледі және оның шығармашылық күшін өмірге келтірді, оған қойылатын таланты барған сайын ұлғая түсті.

Сонымен бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде қиял ерекшеліктерін зерттеуді және сол оқу үрдісінде қиял ерекшеліктерінің деңгейіне көз жеткізу мақсатында бірнеше

психологиялық әдістермен зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Зерттеу жұмысына екі бағытпен оқитын оқушылар алынды. Соның ішінде бір әдіс бойынша зерттеу нәтижесін көрнекі түрде көрсете кетсек.

«Сурет» әдістемесі бойынша бағалау шкаласы:

10 балл – бала берілген уақыт ішінде ғажайып сирек кездесетін сурет салды, ол қиялының бай екендігін дәлелдейді. Сурет көрермендерге үлкен әсер береді, ондағы бейнелер мен бөлшектер мұқият таңдалынған.

8-9 балл – бала белгілі дәрежеде қияли деңгейде эмоционалды және көркем сурет ойлап тауып салған. Алайда бейнеленгенді мүлдем жаңа деп санауға болмайды. Суреттің бөлшектеріне өз ойын жеткізген.

5-7 балл – баланың ойынан шығарған суретін толықтай жаңа деп есептеуге болмайды, бірақ та шығармашылық қиялдың элементтері бар, көрермендерге белгілі дәрежеде эмоционалды әсерлер тигізеді. Суреттің бейнелері мен бөлшектері орташа анықталған.

3-4 балл – бала өте қарапайым, өзгеше емес нәрселердің суретін салған және қиялы жұпыны, бөлшектері онша жақсы анықталмаған, анық емес.


0-2 балл – берілген уақыт ішінде бала ешнәрсе ойластыра алмай, тек бөлек сызықтар ғана салған.

«Сурет» әдістемесі бойынша зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, эксперименталды топта сыналушылардың 2-уі жоғары, 13% көрсетсе, 5-уі орташа, 33,3%-ды, ал, 7 сыналушы төменгі 46,6%, 1 сыналушы өте төменгі – 6,6% көрсеткен. Әдістеме бойынша зерттеу жұмысының нәтижелерін көрнекі түрде кестеге саламыз.

Кесте 1. «Сурет» әдістемесі бойынша бастауыш сынып оқушыларын диагностикалаудың нәтижесі

Көрсеткіштер	Эксперименталды топ		Бақылаушы топ			
	ЖББМ	%	Математика бағ.	%	Ағылшын бағ.	%
Өте жоғары	-	-	1	6,6	1	6,6
Жоғары	2	13	5	40	7	46,6
Орташа	5	33,3	9	46,6	7	46,6
Төмен	7	46,6	-	-	-	-
Өте төмен	1	6,6	-	-	-	-

Сонымен, әдістемеден алынған эксперименталды топтың нәтижелері бойынша бастауыш сынып оқушыларының қиялы көбінде төмен дамитынын көрдік, яғни балалар суретінің мазмұнында мән бола бермейтінін, жаңа бөлшектер мен түсініктер кіріктіріліп отыратынын байқадық. Ал, бақылаушы топтағы оқушыларда көпшілігі жоғары деңгейді көрсетті, ал олардың суреттерінде қиялдаған сюжеттеріне жаңа бөлшектер енгізе отырып, бояулары айқын, суреттерінен ерекшеліктер байқалды. Орташа деңгейдегі балалар қызығушылық пен белсенділік танытып отырса да, дербестілік байқалмады.



Сурет 1 «Сурет» әдістемесі бойынша бастауыш сынып оқушыларын диагностикалау.

Ендеше, осы көрсеткіштерге көз жеткізу арқылы оқу үрдісінде талап неғұрлым жоғары болса, қиялдың психологиялық ерекшеліктері жақсы нәтиже беретінін көрдік.

Қорыта келгенде зерттеу әдістерінен алынған нәтижелерге сүйене отырып, біз кез келген баланың бойында талант пен қабілеттің жеткілікті түрде болатынына көз жеткіздік. Оқу үрдісіндегі қиял ерекшеліктерінің дамуы жемісті болса, баланың жаңа мүмкіндіктері ашылып, белсенді тұлға ретінде қалыптасуы әбден мүмкін. Ал осы қиял ерекшеліктерінің нәтижелі қалыптасып, бала бойынан жақсы көрініс беруі – ең біріншіден ата-анасына және ата-анасының сауатына байланысты. Ата-ана өз тарапынан оқу үрдісіндегі кез келген тапсырмаға, жүктелген міндеттерге белсенділік танытса, бала қиялының заман талабына сай дамуына мүмкіндік береді.

Осы жерде ата-аналарға кеңестер ұсынуды жөн көрдік:

- балалардың өз бетінше жұмыс жасауына көп мүмкіндік беріңіздер. Бала өзі «жаңалық» ашып көрсін, білімді дайын күйінде беруге асықпаңыз;

- сабаққа өзіңізде қызығушылық танытыңыз, қалыпты эмоционалдық фонды тудыруға тырысыңыз;

- бала өз жетістіктерін сезінсін. Оның «өсуін», төзімділігін, талпынысын бақылаңыз;

- бұл жерде интонация, балаға қатысты айтылулардың эмоционалдық бояуы да маңызды;

- баланың әрекетіне негативті баға бере отырып, айтуға болмайды: «Сен құру, салу білмейсің...». Бұл жағдайда бала іс-әрекеттің сол түріне белсенділігін сақтап қала алмайды, өз қабілетіне, күшіне, өзіне деген сенімділігін жоғалтады;

- іс-әрекетті негативті бағалаудың бала тұлғасына таралуына жол бермеу, яғни баланың мінез-құлқын сынау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шеръязданова Х.Т., Мельникова Е.Н. Развитие воображения и творческих способностей у детей младшего школьного возраста. – Алматы, 2006. – 210 с.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб., 2000. – 148 с.
3. Немов Р.С. Психология. В 3 т. т.1. – М., 1996. – 200 с.
4. Выготский Л.С. Собр.соч. в 6-ти т. – М., 1982. – 251 с.
5. Солсо Р. Қиял, ұғымдарды қалыптастыру, логика және шешім қабылдау. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық 7 т. – Алматы, 2006. – 242 б.
6. Хан Н.В. Развитие творческого воображения в процессе обучения. – Алматы, 1999. – 198 с.

РЕЗЮМЕ

Уакасова М.Б., м.п.с.н.,

Берсугирова Т.Е., м.п.с.н.

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ПРОЦЕССА ВООБРАЖЕНИЯ УЧАЩИХСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ

В статье рассматриваются теоретические и практические особенности воображения детей младшего школьного возраста, и в заключении рекомендуется консультация родителям в воспитании и обучении детей.

Ключевые слова: воображение, фантазия, абстракция, иррадиация, концентрация, обучение, игра, деятельность, процесс, метод.

SUMMARY

*M.B. Uakasova, master of psychological sciences,
T.E. Bersugirova, master of psychological sciences
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

PSYCHOLOGICAL PROCESS OF IMAGINATION IN JUNIOR CLASSES

In the article the theoretical and practical aspects of the imagination of children of primary school age, and the conclusion of the consultation to parents in the upbringing and education of their children.

Keywords: imagination, fantasy, abstract, irradiation illusion, concentration, learning, game, activity, process, method.

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА – ART AND CULTURE

УДК 785

МИФОЛОГИЯ КАК ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ СТРУННЫХ МУЗЫКАЛЬНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ

*Д.М. Ахметжанова, преподаватель,
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В данной статье раскрывается функция и роль струнного музыкального инструмента в древнем обществе в контексте с традиционными и культурными ценностями того или иного народа. Мифология выступает в данном исследовании как источник редких артефактов и сведений. Обращение к мифам, легендам, народным сказаниям позволило более глубоко подойти к проблеме изучения народных музыкальных инструментов и традиции исполнительства прошлого.

Ключевые слова: миф, легенда, струнный музыкальный инструмент, Пазырыкская арфа, арфа народов мира, функция, обряд.

Мифология – неотъемлемая часть культуры всего человечества. Она дает возможность проследить этапы развития человека, понять его мировосприятие и мышление на каждом историческом этапе. Мифология представляет собой целостную систему мифов, которая создавалась на протяжении тысячелетий народами, обитавшими в разных уголках мира. В первую очередь нам известны мифы Древней Греции, Древнего Египта, Месопотамии, Древнего Китая, Японии и других народов. В них рассказывается о богах, о подвигах культурных героев, о чудесных превращениях. Наша статья посвящена тому, что мифология может дать для этномузыковедения.

«Все народы мира с древнейших времен создавали мифы. Они рождались из естественной любознательности людей, их стремления понять и объяснить действительность. В мифах переплетены донаучные представления о природе и обществе, ранние элементы религии, философии, искусства»[1].

Ученые считают, что предшественниками учений были мифы, легенды, сказания, что отразилось, по словам И.В. Мацеевского «на мифологической и эпической окраске древнейших памятников» научной, в частности, инструментоведческой мысли. Первые инструментоведческие знания тесно связаны со всем «комплексом общественной жизни и мировоззрением древних цивилизаций» [2].

С точки зрения многих ученых, в том числе и М. Элиаде, «рассматривать миф нужно не в обычном значении слова: как «сказку», «вымысел», «фантазию», а так, как его понимали в первобытных и примитивных обществах, где миф обозначал, как раз наоборот, «подлинное, реальное событие», служащее примером для подражания» [3].

Мифология, вобравшая в себя древнее знание о мире, о культуре, отразила эти знания через мифы, легенды, сказания. Они могут поведать нам о музыке и о музыкальных инструментах, об их роли в жизни человека.

Как пишет исследователь тувинской народной музыки В. Сузукей, «материалы устного фольклора – мифы, легенды, предания о музыкальных инструментах и народных исполнителях прошлого – глубже раскрывают культурный контекст истории бытования этих инструментов» [4].

Считается, что знание мифов позволяет приблизиться к тайне происхождения всех вещей. Человек узнает и то, «каким образом обнаружить это и воспроизвести, когда все уже исчезает» [3]. Это непосредственно касается культурных памятников, в том числе и музыкальных инструментов.

Наша идея сводится к тому, что древнейший период развития культуры у разных народов музыкальный инструмент выполнял важнейшую сакральную роль – он был посредником между мирами. Во всех легендах об арфе или других струнных инструментах в той или иной форме выражается мысль об особом назначении музыкального инструмента или о чудесных обстоятельствах его создания.




Музыкальные инструменты имеют древнее происхождение. На протяжении многих веков они занимали почетное место в истории культуры народа. Происхождение струнных музыкальных инструментов связано с происхождением лука. Арфы и арфоподобные инструменты (жетыген, гусли, лира и т.д.) относятся к самым древним. К таким арфам причисляется «скифская арфа», найденная в кургане Пазырык II на Алтае (V век до н.э., реставрация М. Грязнова) [5].

О происхождении арфы пишет Н.Покровская: «Ни об одном другом инструменте нет столько легенд, сказок и мифов, как об арфе. Древние приписывали ее изобретение богам – так велико было их восхищение этим инструментом. В Египте считали, что арфу создал бог Тот, и сам Пта – главное божество Египта – играл на ней.

В Греции полагали, что она изобретена Меркурием или Амфионом. А древнеиудейская традиция творцом арфы называет Иувала.

В европейской мифологии владыка ветров Эол тоже играет на арфе. В XVIII – XIX веках в Европе был популярен музыкальный инструмент, который назывался «эолова арфа» (воздушная арфа) – он представлял собой узкий деревянный ящик (резонатор) с отверстием, над которым было натянуто от девяти до тринадцати струн одинаковой длины, но разной толщины, настроенных в унисон. Струя воздуха колебала струны, и в зависимости от силы ветра менялось звучание инструмента.

Особое распространение эолова арфа получила с конца XVIII века: она устанавливалась на крышах, на фронтонах зданий, в гротах, беседках, парках, на



